



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№18 (607)
10 мамыр,
2025 жыл



ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ӨМІР

Мемлекет тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шекарашылардың еңбегі – ерлікпен пара-пар. Отан шебінде күндіз-түні қызмет атқарып, ел қорғаны болып жүрген азаматтың бірі – Ержан Елемесов.

Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Асу-Бұлақ ауылында дүниеге келген ол бүгінде ҚР ҰҚК Шекара қызметінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі шекара бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарады. Жас болса да, елге сіңірген еңбегі еленіп, бірнеше мәрте Шекара қызметі директорынан, облыс және аудан әкімінен марапат пен алғыс хат алған. Бұған дейін де жауапты қызметтер атқарып, шекара заставасы бастығының орынбасары, кейін застава басшысы лауазымында еңбек еткен тәжірибелі маман.

– Ержан, алдымен осы салаға қалай келгеніңіз туралы айтып берсеңіз.

– Балалық шағымнан бастап әскери форма киюді, нақтырақ айтқанда, шекарашы болуды армандадым. Себебі мен шекара заставасының жанында өстім. Шекарашылардың шекара күзетіне шығып, сап түзеп жүргенін, спортпен шұғылданып, жергілікті тұрғындарға көмектескенін өз көзіммен көрдім. Олар маған ерлік пен тәртіптің, адалдық пен абыройдың үлгісіндей көрінді. Сол әсермен мен де осы жолды таңдадым.

2-бетте



Сурет ашық дереккөзінен

Ұлы Жеңіске – 80 жыл:

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ МЕН АРДАҒЕРЛЕР АМАНАТЫ



Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы елімізде бұрын-соңды болмаған кең ауқымда аталып өтті. Астанадағы «Қазақ елі» алаңында өткен салтанатты әскери парад – соғыс қаһармандарының ерлігіне деген құрметтің, бейбіт өмірдің қадірін терең түсінудің айқын бейнесі іспетті. Бұл – тек соғыс құрбандарына тағзым емес, тәуелсіз еліміздің бүгінгі болмысын қалыптастырған тарихқа деген терең құрметтің көрінісі.

1941-1945 жылдардағы алапат соғысқа 1 миллион 200 мыңнан астам отандасмыз қатысты. Яғни, Республиканың әрбір төртінші тұрғыны әскерге аттанды. Қазақстандық сарбаздар майданның алдыңғы шебінде, қанқұйлы шайқастарда ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Майдан даласында атылған әрбір



он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. 220-дан астам зауыт пен фабрика ел аумағына көшірілді.

1945 жылдың 30 сәуірінде қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаев Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен болатын. Осы даңқты ерлігі үшін ол «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен марапатталды. 1999 жылы 7 мамырда Рақымжан Қошқарбаевқа «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Сондай-ақ 500-ден аса қазақстандық Кеңес Одағының Ба-тыры атағын алса,

тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бекітілген «Халық қаһарманы» атағымен 12 соғыс ардагері марапатталды. 110 жауынгер «Даңқ» орденінің иегері атанды.

Өткен жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Айбын» орденінің үш дәрежесіне ұлт қаһармандары Сағадат Нұрмағамбетов, Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаевтың есімдерін беру туралы заңға қол қойды. Бұл – ерлік пен патриотизмді мәңгілікке қастерлеудің нышаны.

2

ОҚ ПЕН ОТТЫҢ ОРТАСЫНАН

ОРАЛҒАН ЕР

«...Біздің 30-гвардиялық атқыштар дивизиясы күніне 30-40 неміс танкін жойып отырды. Сол жерде болған шайқаста аяғымды екінші рет ауыр жарақаттап алдым. Кейін Фурманов қаласындағы госпитальде емделдім».



Сурет ашық дереккөзінен

Бұл – менің атам, Қазтай Хайруллаұлының өз қолымен жазып қалдырған күнделігінен алынған үзінді. Бала күнімде осы жолдардың салмағын, жүрек ауыртар шындығын толық сезіне алмаған шығармын. Ал қазір бұл сөздер мен үшін атамның жүріп өткен киын, бірақ абыройлы жолынан қалған қастерлі мұра, ұрпаққа қалдырған аманатындай естіледі.

1985 жыл. Мен бар-жоғы он бір жаста едім. Бірақ сол жылы менің де бір дәуірім аяқталғандай болды. Ауыл халқы қадірлі, сөзі салмақты, ісі үлгі азаматтан, ал мен бала жүрегімнің ең биік тұлғасы, қамқоршым, арқа сүйейтін атамнан айырылдым.

4

ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАНДАНҒАН ҚЫЗЫЛОРДА



Бүгінде Қызылорда өңірі қолға алынған ауқымды абаттандыру мен жаңғырту жұмыстарының қызған шағында. Аймақтың көркеюіне, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне бағытталған бірнеше ілкімді істер бірлесе атқарылуда. Соның бір айғағы – Сыр елінің шырайын кіргізіп тұрған саябақтар мен демалыс орындарының қайта жаңғыруы. Жаңа кейіпке еніп, ел игілігіне айналатын нысандар қаланың көркін ғана емес, тұрғындардың өмір сапасын да арттырады сөзсіз.

3-бетте



**3 ЖЫЛДА
10 МЫҢДАЙ
АДАМҒА
ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТТІК**

5



**«TIKTOK»-қа
ТЫЙЫМ
КЕРЕК ПЕ?**

8

Басы 1-бетте

Ұлы Жеңіске – 80 жыл:

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ МЕН АРДАГЕРЛЕР АМАНАТЫ

Ардагерлерге құрмет – ұрпаққа міндет

Мәліметтерге сүйенсек, 2025 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша елімізде 83 048 ардагер тұрады. Оның ішінде:

- II дүниежүзілік соғыс ардагері - 111;
 - жеңілдіктер бойынша II дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне теңестірілген ардагер - 16 796;
 - басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдарының ардагерлері - 26 553;
 - II дүниежүзілік соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлері - 39 588.
- 2024 жылы аталған санаттардағы азаматтарға 4,3 миллиард теңге сомасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленген. 2025 жылы осы мақсатта 17 миллиард теңге қарастырылған.

– Осы санаттағы азаматтарды әлеуметтік қорғау шаралары орталық деңгейде де, жергілікті деңгейде де жүзеге асырылуда. Ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне республикалық бюджеттен 16 айлық есептік көрсеткішке дейінгі (2025 жылы 62 912 теңге) ай сайынғы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Әлеуметтік көмек ақпалай немесе заттай нысанда жергілікті бюджеттен көрсетіледі, – дейді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік көмек департаментінің бас сарапшысы Құралай Төлеубаева.

Сондай-ақ сарапшының айтуынша, жоғарыда аталған санаттағы азаматтарға зейнеткерлікке шыққаннан кейін де жұмыс уақытында бекітілген емханаларды пайдалану құқығы беріледі.

Астанадағы айбынды парад

Елордадағы «Қазақ елі» алаңында өткен әскери парад – мерекелік шаралардың шарықтау шегі болды. Бұл іс-шараға елімізге ресми сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясының Бас хатшысы То Лам қатысты. Парад Қазақстанның барлық өңірінде LED-экрандар мен телеарналар арқылы тікелей эфирде көрсетілді.

Мемлекеттік Ту мен Жеңіс Туы парад алаңына ресми түрде әкелініп, отан алдындағы адалдық пен ерлікке деген құрметтің нышаны ретінде жоғары көтерілді. Жеңістің Қызыл Туы – 1945 жылы қазақ жауынгері Рақымжан Қошқарбаев пен майдандасы Григорий Булатовтың қолымен Рейхстагқа тігілген Жеңіс Туының дәлме-дәл көшірмесі. Бұл символ – мыңдаған сарбаздың жанкешті ерлігі мен еліміздің майдан мен тылдағы қажырлы еңбегінің белгісі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде соғыс тарихының, ел есіндегі батырлардың ерлігін бүгінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, мынадай мәлімдеме жасады:

– Бұл мейрам – халқымыздың жауынгерлік рухының символы. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды



ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз. Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға 1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық аттанды. Олардың тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Келер ұрпақтың жарқын әрі бейбіт келешегі үшін өз өмірлерін құрбандыққа шалды. Даңқты ұл-қыздарымыз ерліктің озық үлгісін көрсетті. Қазақтың жау жүрек ұлт екенін паш етті, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент 500-ге жуық көшеге батырлардың есімі берілетінін, ел көлемінде мыңдаған іс-шара өз деңгейінде өтіп жатқанын айтты.

– Қазақстаннан майданға бір жарым мың вагон киім-кешек пен азық-түлік жіберілді. Жұртымыз жұдырықтай жұмылып, күні-түні жұмыс істеп, қару-жарак пен ок-дәрі дайындады, әскери киім тікті. Ұлы Жеңісті ұлықтау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда мәңгі сақтау деген сөз. Олардың ерлігі мен еңбегін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Парадқа Қазақстан Қарулы Күштерінің барлық түрінен 4 мыңнан астам әскери қызметкер, 200-ден аса әскери техника мен қару-жарак, 66 авиация ұшағы мен тікұшақтар қатысты. Тәуелсіз Қазақстан армиясының қуаты алғаш рет «Буқ», «Тор» зенитті-ракета кешендері, «Барыс», «Алан», «Айбар», «Таймас», «Террекс» дөңгелекті ұрыс машиналарымен толықты.

Әуе кеңістігінде ұшқан А-400 әскери-көлік ұшағы, L-410 жолаушылар ұшағы және Би-300 патрульдік ұшақтары шеру көркін келтірді. Әскери шеруді ҚР Қарулы Күштері Құрылқы әскерлерінің Бас қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев басқарды.

Сонымен қатар отандық қорғаныс өнеркәсібі кешенінің кәсіпорындары шығаруды жоспарлап отырған ұрыс машиналары, роботтандырылған қайық және ұшқышсыз басқарылатын ұшу қондырғылары таныстырылды.

Сыр еліндегі сындарлы шара

Қызылорда қаласында Отан қорғаушылар күні және Жеңіс мерекесіне орай 7 мамыр күні Н.Бексезанов атындағы театрда «Ұлы Жеңіс – ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты мерекелік шара өтті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев майдангерлер мен сарбаздарды Отан қорғаушылар күнімен құттықтады.

– Мемлекет тарапынан әскерилерді, құқық қорғау, азаматтық қорғаныс органдарының қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан жан-жақты қолдауға баса көңіл бөлінген. Жалпыұлттық бірлік пен саяси тұрақтылықтың нәтижесінде ел сырты жаудан, іші даудан аман болып, мемлекетіміз орнықты дамып келеді.

Тәуелсіздігіміз бен байтақ жерімізді, тыныштығымыз бен бейбітшілігімізді қас қақпай күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің мәртебесі асқақтай берсін! Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мерекеледе соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен және «Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Аймақ бойынша 2 соғыс ардагері мен 1700 тыл еңбеккері ел Президентінің Жарлығымен арнайы наградаларға ие болды.

Сонымен қатар 8 мамыр күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Яхия Тасыровка арнайы ат басын бұрып, Жеңістің 80 жылдығымен құттықтап, құрмет көрсетті. Аймақ басшысы карт жауынгерге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құттықтау хатын және «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалін табыстады. Сондай-ақ дәстүрге сай шапан жауып, сый-сияпат ұсынды.

103 жастағы Яхия Тасыров – Сырдария ауданының Құрметті азаматы. Ол 1942 жылы майданға аттанып, Сталинград, Курск

шайқастарына және Польша жерін азат етуге қатысқан. Соғыстан кейін бейбіт өмірге белсене араласып, ауыл шаруашылығы саласының дамуына сүбелі үлес қосты. Батыр ардагер «Қызыл жұлдыз» орденінің, I және II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерінің, бірнеше медальдің иегері.

Аймақта Жеңіс күніне арналған арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, әлеуметтік қолдау көлемі де артып келеді. Биыл Қазалы және Сырдария аудандарында тұратын екі ҰОС ардагеріне 5 миллион теңгеден біржолғы көмек берілді. Ал тыл еңбеккерлері мен ардагерлерге теңестірілгендерге төлететін төлем мөлшері 40 АЕК-тен 50 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат

9 мамыр күні облыс орталығындағы «Тағзым» алаңында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» атты патриоттық шара өтті. Іс-шараға ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары – Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, сондай-ақ құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жиналған қауымды Жеңістің 80 жылдығымен құттықтап, бұл күннің маңыздылығына ерекше тоқталды.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 500-ге жуық көшеге Қазақстан қаһармандарының есімі берілетінін атап өтті. Осы орайда, ерекше атап өту қажет, оның 146-сы – облысымыздың ардагерлері. Жыл аяғына дейін қаһармандардың есімдері көшелерге беріледі, – деді облыс әкімі.

Салтанатты рәсімде сұрапыл соғыс жылдарында ерлікпен қаза тапқандардың рухына бір минут үнсіздікпен тағзым жасалып, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов және қоғам қайраткерлері Нажмадин Түркенұлы мен Айтбай Көшербайұлы жиналғандарға жүрекжарды тілектерін білдіріп, батасын берді.

Шара аясында тылда аянбай еңбек еткен ардагерлерге «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медальдары табысталды.

Ұлы Жеңіс – батырлықтың, елдік рухтың символы. Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шаралар – өткенге тағзым ғана емес, келешекке бағдар. Ерлік пен еңбек тарихын ұмытпай, батыр бабалар рухын ұлықтау – әрбіріміздің қасиетті борышымыз. Халқымыздың ер жүрек ұл-қыздарының есімі ел жадында мәңгі жаңғыра береді. Бейбіт өмір – ерліктің жемісі. Рухымыз асқақ, Туымыз биік болсын!

Аружан ОРАЛБАЙ

Бауыржан батыр

Елі менен жерін қорғап жат жаудан,
Түтеген от, бораған сол оқтардан.
Ел басына күн туғанда азапты,
Бауыржан да қан майданға аттанған.

Көрді батыр сұм соғыстың қаһарын,
Жалғап майдан даласында сапарын.
Қаһарлы күн от оранып, қан кешкен,
Қаһарманым қорғап жаудан Отанын!

Қымбат мекен, қасиетті жер еді,
Батыр бастап жауға соққы береді.
Москва үшін болған қырғын шайқаста,
Қалың жауды ойсырата жеңеді.

Жауды жеңіп, оралған қан майданнан,
Қнып түсер қылыштайын қайралған.
Бауыржандай батыры бар қазақтың,
Халқымыздың аңызына айналған!

Жауар бұлттай түнереді қабағы,
Жаркылдаған от шашады жанары.
Тіліп түсер найзағайдай кейде ол,
Бір сілкініп, жарқ-жүрқ ете қалады!

Ұлтжанды ер ұлтын сүйіп өткенін,
Даңқы шарлап, аты алыс кеткенін.
Батыр ұлын ел есіне алады,
Жылда тойлап ұлы жеңіс көктемін!

Ендік МЫРЗАХМЕТОВА



Жеңісім мәңгі қысың!

Айбыны асқақ, ардагерлерім армысың!
Кезекті күннің көктемін көріп таңбысың?
Ақтарып салдым сезімді сәттен бір тілек,
111- кеуде жаралған төрге Ай-мүсін.

Көгіңе қарап, күлімдеп қойсаң,
нұр аппақ,
Жаранды жазды жұлдыздар
түнгі қуаттап.
Көзіңмен көрген, көңілге
түйген сырынды,
Алайын сенен қайтадан бәрін сұрақтап.

Кезеңді ауыр, ойыңа салсам кешіргін,
Ренің бұзып, ажарын мынау бетіңнін.
Бәрі бір иек кетеді-ау қайта кемсеңдеп,
Бейнесі келіп, майданда
көмген досыңның.

Өмір ғой бәрі өксігенменен не етерсің,
Шыбықтар көктеп, көңілді
бірге көтерсін.
Өрендер өсіп, өнете алып тіліңнен,
Жасанып-жайнап, құлпырып
далам семірсін!

111- екен, ардагерлерім, нақ бүгін,
Ортайып қапты-ау содан да,
көңіл тапты мұн.
Не деген қуат, сендегі мәңгі саркылмас?
Содан ба менің, еселеп жатыр шаттығым.

Айдан да алыс кетсінші
сол күн құрысын,
Барымды жалмап, алған сен,
кандай ұрысың?
Қолымды жайдым, тілекке
толсын уысым,
Жеңісім менің, Ұлысың мәңгі, Ұлысын!

Шолпан БАЛМАНОВА,
акын, Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі



Тәуелсіздік

Тәуелсізбін, еркінмін мен, азатпын,
Болмасын тек азат күнім аз-ақ күн.
Олар күткен тәуелсіздік ақ таңы,
45 те басына қонды қазақтың.

Көкірегін тосты оққа, жастарым,
Сұм жауыздар қиды олардың жас жанын.
Өз басының қамын күйттеп, тығылмай,
Басын берді бақыты үшін басқаның.

Елім деген еміреніп, езілген,
Азаттықты алып берген төзімнен.
Жарқын бейінен әр қазақтың жанында,
Жастай кеттің, балғын бала кезіңнен.

Сен сыйлаған азаттықтың ақ таңы,
80 жылдай арайлағып атқалы.
Тәуелсіздік тұғыры еш түспесін,
Биігіндей алтын тұғыр тақтағы.

Динара ФАЗЫЛ,
Жалағаш ауданы

Басы 1-бетте

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ӨМІР

– Қызмет барысында қауіпті жағдай орын алуы мүмкін. Өз тәжірибенізде кездескен тосын оқиғалар жайлы айтып беріңізші...

– Иә, қызмет барысында түрлі жағдайлар болады. Әсіресе түнгі уақытта күтпеген оқиға жиі кездеседі. Бірде түнгі кезекшілік кезінде шекара бұзған тұлғаларды анықтадық. Жедел әрекет етіп, олардың жолын кестік. Ондай сәттерде асығыстыққа жол жоқ. Байсалдылық пен тәртіп бірінші орында болу керек.

– Бір жұмыс күнінің қалай өтеді?

– Менің күнім 6:00-де тұрудан басталады. Сағат 7:30-да қызметке кірісеміз. Күн тәртібі мен атқаратын міндеттерімізге байланысты бақылау жүргіземіз, нысандарды

тексереміз, құжаттармен жұмыс істейміз. Кейде түнгі кезекшілік те болады. Әр күніміз нақты жоспармен өтеді, дегенмен кез келген уақытта тосын жағдайларға дайын болуымыз қажет.

– Ал шекарашыға қандай талаптар қойылады?

– Шекарашы болу – жай ғана мамандық емес, бұл Отанға адал қызмет ету, ел шебін күзету арқылы бейбіт өмірді қорғау. Бұл салаға келгісі келетін жастар ең алдымен патриоттық сезімге, физикалық әрі моральдық дайындыққа ие болуға тиіс. Тәртіп, шыдамдылық, батылдық және жауапкершілік секілді қасиеттерді дамыту керек. Себебі шекара қызметі дәл осы қасиеттерді талап етеді.

Шекарашыға қойылатын

талаптар: мықты физикалық дайындық, жоғары тәртіп пен заңға бағынушылық, жылдам шешім қабылдау қабілеті, ұйымшылдық пен командалық жұмысқа бейімділік, төтенше жағдайда сабыр сақтап, батыл әрекет ете білу.

Бұл салада еркіндік аз, тәртіп пен режимге бағыну қажет. Жеке өмірге уақыт аз қалады. Бірақ осы мамандықтың ерекшелігі – сенің қызметің елдің тыныштығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл үлкен мақтаныш.

– Жауапкершілігі өте жоғары жұмыс екенін білеміз. Демалыс күндері де қызметке шақыру, әрине, болатын құбылыс. Шамамен есептеп айтып беріңізші, жалпы жылына қанша күн үйде, отбасыңыздың жанында боласыз?

– Бұл нақты жағдайға байланысты. Кейбір шекарашылар шекаралық бекеттерде айлап жүреді, кейде кезекпен қалаға қайтады. Орташа есеппен жылына 100-150 күндей ғана толық отбасымен болуға мүмкіндік туады. Қалған уақыт – қызметте өтеді.

Әріптестерімді, ардақты ер азаматтарды 7 мамыр – Отан қорғаушы күнімен құттықтаймын! Ел тыныштығын, жеріміздің шекарасын қорғап жүрген әрқайсыңыз – нағыз батырсыздар. Дендеріңізге саулық, отбастарыңызға аمانдық, қызметтеріңізге табыс тілеймін. Қашанда абырой биігінен көріне берейік!

– Жауабыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Інжу МАРЖАН



ЖАҢА АКАДЕМИЯ – ТЫҢ МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ



Қызылорда облысында сапалы білім беруді дамыту бағытында ауқымды жобалар жүзеге асуда. Соның жарқын көрінісі – жуырда ашылған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы. Бұл – балалар мен жасөспірімдердің өнері мен зияткерлік әлеуетін ұштастырып, жан-жақты дамытуға арналған заманауи орталық.

Академияның салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенев, Мұрат Ергешбаев, Мархабат Жайымбетов және зиялы қауым өкілдері қатысты. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтағы білім саласының даму қарқынына тоқталып, жаңа нысанның маңызын атап өтті.

– Кейінгі үш жылда облыстың білім беру саласына бөлінген қаржы 32%-ға артып, 304 миллиард 600 миллион теңгені құрады. Бұл – жалпы облыс бюджетінің 43 %-ы. Басты міндетіміз – балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру.

– Жаңа нысандардың ашылуы – бұл жәй ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа

дәуірде бәсекеге қабілетті ұландарымызға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. Егемен елімізді өркендетудегі, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі өрелі бастамаларымыз табысты болсын! Ел іргесі биік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! – деді аймақ басшысы.

Жаңа академия бір мезетте 500 оқушыны, ал күніне 3 мың балаға дейін қабылдай алады. Ғимаратта үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек, үстел теннисі мен фитнес залы бар. Бассейн, топтық жаттығу бөлмесімен қатар көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт пен математика кабинеттері жұмыс істейді. Салтанатты рәсім барысында академия құрылысын жүргізген «BI Global» ЖШС өкілдері облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, былтыр қаладағы 4 мектепке 1850 орындық қосымша құрылыс салу есебінен үш ауысымдық оқу мәселесі түбегейлі шешімін тапты. 13 жаңа білім беру нысаны пайдалануға берілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 10 мектептің құрылысы жоспарланып, 6 мектеп ашылды. Қалған 4 мектеп жыл соңына дейін қолданысқа беріледі. Мұнан бөлек физика-математика мектеп-интернаты мен музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынууда. Бұл – білім мен болашаққа бағытталған жүйелі жұмыстың оң нәтижесі.

«АЖ» ақпарат

Ұлы отан соғысы 1941 жылы 22 маусымда басталды. Бұл Германияның Кеңес Одағына басып кіруімен басталып, сол кезеңде Германияның фашистік режимі Кеңес Одағын жаулап алу үшін «Барбаросса» атты ауқымды шабуыл жүргізілді. Нақты соғыстың болу себебі Германияның Мәскеуді басып алуы мен Кеңес Одағын ыдыратып, Еуропада өз үстемдігін орнатуы еді.

ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ МӘҢГІЛІК САҚТАЛАДЫ

Басқыншылық үлкен апаттарға әкеліп, қаншама әйел кісі балаларына жалғыз өздері қамқор болып асырады. Оған қарамастан батырларымызды ұзақ уақыт сағынышпен күтті. Бұл уақытта тек соғыс емес ашаршылық қатар жүрді. Адам баласының сол кезеңді бастан кешуі ауыр сынақ еді.

Кеңес Одағында өз үлесін қосып, елім үшін деген тек ерлер емес, қайсар қыздарымыз да атсалысты. Атап айтсақ, пулеметші – Мәншүк Мәметова, мерген – Әлия Молдағұлова, ұшқыш – Хиуаз Доспанова, Халида Маманова – Сталинге ультиматум қойған қазақ қызы, Партизан-радиошы Нұрғаным Байсейітова және өзге де елі үшін жаны ашыған қайсар қыздарымыз мәңгі жадымызда қалады. Ал ержүрек батырларымызды атайтын болсақ, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский сынды қазақ жерінен шыққан батырлардың есімдері алтын әріппен жазылды. Осы сәтті пайдалана отыра, өзімнің атамның ерлігі мен отбасылық оқиғаларын мақтанышпен сіздерге айтып берем деймін.

Жүсіпов Қожамжар 1907 жылы бұрынғы «Өндіріс» колхозында дүниеге келген, орта мектеп білімін алған. «Өндіріс» колхозының төрағасы, БКП(б) мүшесі, Қармақшы АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, 488 ДП, 386 ә/б, 2 ГвМотАП, 31 Ар құрамында бөлімше командирі шенінде соғысқа қатысқан. 1943 жылғы 10 қазанда өзінің Отаны, елі үшін ерлік көрсетіп, қаза тапты.

Витебскі облысы, Дубровенскі ауданы Рыленки деревнясындағы Пухина Я станциясында жерленген.



Ал отбасылық өміріне бас бұратын болсақ, жолдасы – Злиха Жүсіпова тылда жұмыс жасап жауынгерлерге киім тіккен. Осылайша елге өз үлесін қосып, әскердегі сарбаздарды киіммен қамтамасыз етіп отырды. Осы кәсібімен қатар, үй шаруасындағы қызметтерінде қатар алып, айналасына ақыл-парасаттылығымен үлгі болған. Қара шаңырағындағы жалғыз ұрпағы менің әжем Назина Қожамжарова 1942 жылы 11 наурызда дүниеге келіп, әкесінен 3 айлық шақалақ кезінде айырылып қалған.

Ұлы Отан соғысы біздің тарихымызда терең із қалдырған ауыр да қайғылы оқиға болды. Бұл соғыстағы жеңіс – батыр бабаларымыздың, мыңдаған аға буын өкілдерінің, жауынгер мен еңбеккерлердің ерлігі мен жанқиярлығының арқасында келді. Олар өздерінің ерліктерімен бізге бейбіт күнді сыйлады. Біз осы Ұлы Жеңісті мәңгі есте сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізуіміз керек. Бүгінгі бейбіт өміріміз – сол уақыттағы батырлық пен жеңістің жемісі.

Айзере БАҒДАТ,
С.Толыбеков атындағы
3 ІТ мектеп лицейдің
10-сынып оқушысы



Басы 1-бетте

ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАНДАНҒАН ҚЫЗЫЛОРДА

Тұңғыш Президент саябағындағы серпін

Қала тұрғындарының серуен құрып, тынығатын басты орындарының бірі – Тұңғыш Президент саябағы. 2007 жылы ашылған бұл саябақ бір кездері көз қуантатын, ерекше демалыс орны болса да, кейінгі жылдары әбден ескіріп, заман талабына сай келмей қалғанды. Саябақтың бұрынғы келбеті рәсіммен жаңғырту жұмыстарын қажет етіп тұрғаны қала тұрғындарына аян.

Қазіргі таңда 71,66 гектар аумақта ауқымды жаңғырту жұмыстары басталып кетті. Мұнда тұманды фонтан, шолу дөңгелегі, фудкорт, амфитеатр, балаларға арналған ойын және футбол алаңы, скейт парк, спорттық аймақтар, воркаут пен шахмат алаңы, веложол, тематикалық «Холмдар бағы» және тағы басқа да көптеген заманауи нысан бой көтереді.

Халыққа қызмет ететін, отбасылық демалысты тиімді ұйымдастыратын мұндай орындар әр қалада болуға тиіс. Тек жаңғыртып қана қоймай, сонымен қатар тазалығын, қауіпсіздігін, ішкі тәртібін де қадағалау – басты міндет.

– Құрылысқа жауапты мердігер мекемелермен ұдайы байланыста болуды тағы да ескертемін. Бірінші әрі басты талап – сапа, сосын жұмысты мерзімінде аяқтау керек. Осыған дейін берілген тапсырмалар бақылаудан, күн тәртібінен түспейді, – деді облыс басшысы Нұрлыбек Нәлібаев.

Тұңғыш Президент саябағы мен Денсаулық саябағын жалғайтын аралық

та жаңғыртылууда. Жаңа жоба аясында саябақтың ішкі келбеті түгел өзгермек. Бұл аумақта 3 аллея, 3 су бұрқақ, 1 амфитеатр, бетон-скейтпарк, 7 балалар ойын алаңы, 4 спорт алаңы, 4 workout аймағы, фудкорттар, аттракциондар, жасанды тоғандар мен көпірлер, биіктікке өрмелеу нысандары және түрлі ойын-сауық алаңы болады деп күтілуде. Ауыз су мен кәріз жүйелері тартылып, көгалдандыру жұмыстары қатар жүргізіледі. Бұрынғы ескірген парк – енді жаңа заман тынысын сезінетін нағыз демалыс аймағы болмақ.

Жанданған жаңа парк

Сондай-ақ Қызылорда қалалық мәдени және демалыс паркі де қайта жаңғыртудан өтуде. Бұл жұмыс 2024 жылдың қараша айында басталып, мамыр айында пайдалануға берілмек. Заманауи жарықтандыру жүйесі, көлеңкелі шатырлар, жайлы орындықтар мен балаларға арналған ойын алаңдары орнатылып жатыр. Субұрқақтар іске қосылып, жасыл желектер көбейтілуде. «Bi Global» компаниясы субұрқақтар мен жарық шамдарын монтаждау жұмыстарын аяқтауға жақын. Жоба жаз айларының бірінде толығымен аяқталып, пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Жаңа демалыс орындарының бірі – Арайпарк комплексі де жақында ел игілігіне ұсынылмақ. Мұнда түрлі аттракциондар орнатылып, 10 мамырда салтанатты ашылу рәсімі өтеді деп күтілуде. Бұл – тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізіп, отбасымен серуендеуіне таптырмас орын болары анық.

Сүйікті қалам – Қызылорда!

Тек демалыс орындары ғана емес, қала аумағында жасыл желектерді сақтау мен көгалдандыру шаралары да жүйелі түрде жүргізілуде. Әсіресе Сұлтан Бейбарыс көшесі бойындағы ағаштар тамшылатып суару жүйесіне қосылып, ылғал тікелей түбіне жеткізіліп отыр. Бұл – өсімдіктердің сау әрі жасыл күйінде өсуіне сеп болады. Сонымен қатар зиянкестерге қарсы дезинсекциялау жұмыстары да қаперден тыс қалмай, ағаштардың өмірін ұзартуға мүмкіндік беруде.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қала көшелеріндегі жол таңбалары да жаңартылып, жаңа реңкке ие болуда. Бұл жұмыстар көлік қозғалысына кедергі келтірмей, жүйелі түрде кезек-кезеңімен жүргізілуде.

Сондай-ақ Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының қайта жаңғырту жұмыстары да назардан тыс қалмады. Жоба аясында Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті нығайтылып, жолдың 6,7 шақырымы қайта салынууда. Одан бөлек, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев «Шіркейлі», «Жаңадария», «Сыздық» каналдарындағы көпірлерді қалпына келтіру жұмыстарын тексерді. Әр көпірде құрылыс жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіп, мердігер компаниялар құрылыс сапасын басты назарда ұстауда.



Сәні келіскен Сыр елі

Халықтың әлеуметтік өмірін жақсарту мақсатында кірпіші қаланбақ бірнеше нысанның да іргетасы қаланып, бүгінде құрылыс жұмыстары қызу үстінде. Мәселен, Қызылорда қаласындағы жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды. Түркиялық «Акса Энерджи» компаниясы жобаның негізгі инвесторы болып, 215 миллиард теңге бағыттады. Негізгі қондырғыларды орнату жұмыстары жалғасуда, ал жылу-электр орталығын осы жылдың төртінші тоқсанында іске қосу жоспарланған.

«Bi Global» серіктестігі қолға алған шығармашылық-инновациялық орталықта абаттандыру, ішкі орлеу және витраж орнату жұмыстары жалғасуда. Болашақта бұл орталық балалар мен жастарға спорттық, ғылыми және шығармашылық бағытта қызмет көрсетеді.

Одан бөлек, аймақта жылына 90 миллион дана кірпіш өндіретін заманауи кірпіш зауытының құрылысы қарқынды түрде жалғасуда. Жобаның жалпы құны 2,5 миллиард теңгені құрайды, болашақта

ол аймақтың құрылыс саласын дамытуға серпін береді деп күтіледі.

Ал қолданысқа берілген жаңа құрылыс нысандары бүгінде жұртшылықтың игілігіне қызмет етіп келеді. Мәселен, Қызылорда қаласындағы «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалы – аймақтың көкке қадам басар қақпасы. «Болат Өтемұратов қоры» салған инвестиция арқасында әуежай заманауи талаптарға сай жаңартылған еді.

Сондай-ақ Қазақстан халқының бірлігі күні Қызылорда қаласында жаңа «Достық үйінің» іргетасы қаланды. Жобаны «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы қолдап, 3 миллиард 800 миллион теңге қаржы бөлді. Заманауи ғимарат этномәдени бірлестіктер мен ассамблея белсенділерінің жұмысын үйлестіруге арналған, аймақтағы ынтымақ пен достықты нығайтуды мақсат етеді.

Қала көркі – көз қуанышы. Көзбен көріп, көңілмен қуану – әр тұрғынның бақыты. Қай істің де берекесі болса – ел қуанады. Қызылорда өңірінде жүргізіліп жатқан бұл жұмыстар соның дәлелі.








Нұршат НЫШАНОВА

ОҚ ПЕН ОТТЫҢ ОРТАСЫНАН ОРАЛҒАН ЕР



Басы 1-бетте

Атам Қазтай Хайруллаұлының өмір жолы тұтас бір дәуірдің айнасындай. Ол 1914 жылы бұрынғы Орынбор губерниясына қарасты Орал уезінің Қарашығанақ билігі, Күнчөбай ауылында, қазіргі Орал облысы, Бөрлі ауданы, Тұңғыш колхозында шаруалар отбасында дүниеге келген. Тағдыр оның жастық шағын ерте есейтіп, қиындықпен шыңдады. Анасы Накиза 1936 жылы, әкесі Хайрулла 1955 жылы өмірден озған. Атам отбасындағы он бір баланың алтыншысы болған. Бала кезінен еңбекке ерте араласып, заманның азабы мен ашы дәмін ерте татқан ұрпақтың өкілі еді. Саяси қуғын-сүргін, тәркілеу, ашаршылық жылдары оның жастық шағымен тұспа-тұс келді. Соған қарамастан, білімге құштар, алға ұмтылған жас Қазтай ел ішінде ұйымдасып жатқан техникумдар мен курстарды аяқтап, мемлекеттік қызметке араласты. Атап айтсам, тоғыз жасында бастауыш сыныптық білім алып, 1929-1931 жылдары Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданындағы Шилі кооперативтік техникумында оқыған. Еңбекке 1932 жылдан араласып, 1932-1933 жылдары Орынбор облысы, Новосергиевка станциясында совхоз табель-щикі болып еңбек жолын бастайды. 1933 жылы Арал аудандық тұтынушылар қоғамының іс жүргізушісі, 1934-1937 жылдары Шымкент облыстық кәсіподақ кеңесінің іс басқармасының басшысы, 1937-1939 жылдары Қызылорда облысы, Жалағаш аудандық қаржы бөлімдерінің салық инспекторы, Қызылорда облыстық атқару Комитетінің нұсқаушысы, 1939-1942 жылдары Қызылорда облысы, Жалағаш аудандық атқару комитетінің хатшысы ретінде қызмет еткен.



үшін әдейі Орынбор облысына қарасты Новосергиевка ауданындағы Каширин атындағы «Қымыз» курортына барып, әке-ағаларымызбен сиыр, жылқы, баспақ бактық. 1934 жылы ВКП(б) Орталық Комитетінің «Асыра сіттеушілік» туралы қаулысына лайық ата-ана, туыстарым туған жеріне қайтып барып, Тұңғыш колхозына мүше болды.

Сол жылдардағы оқуға талаптанып, ата-ана, туыстардың айтқанына құлақ қоймай Шымкентке келіп, өзімнің немере ағамның көмегімен облпрофсоветте іс жүргізушілік, кейіннен іс басқарушылық қызметін атқарып жүріп, 3 айлық финанс курсын бітірдім. Жолдама бойынша Қызылордаға келіп, ақша бөлімінде, одан кейін Тереңөзек аудандық ақша бөлімінде, кейін аудандық атқару Комитетінде жауапты хатшылық қызметін атқардым. Кейін Қызылорда облыстық атқару Комитетінің нұсқаушылық қызметінен Жалағаш аудандық атқару Комитетінің жауапты секретарлығына жіберілдім. Мектепте көп оқымағанмен, жоғарыда айтылған мекеме басшылары мен қызметкерлерінің ақыл-өнегелері маған жақсы әсерін тигізді».



ҚАНДЫ МАЙДАН

Жылдар өтті. Өкінішке қарай, бүтін бір ұлттың маңдайына жазылған ауыр сынақ келді. Соғыс – ұрпақ жадында өшпейтін, жүректі сыздатып, жанды мұздатар қасіретгі ұғым. Қолына қару алып, оқ пен оттың арасында жүрген аталарымыздың мойнында ел қорғау, ұрпақ аمانдығы үшін жанын шүберекке тую деген үлкен жауапкершілік тұрды. Менің атам Қазтай Хайруллаұлы да сол алапат заманда жастығын майдан даласында қалдырды. Неміс фашистері шабуыл жасағанда жас жігіт өз қалауымен Отан қорғауға аттанады. Алматыдағы жаяу әскер офицерлерін даярлайтын училищеде оқып, қысқа мерзімді әскери дайындықтан өткен соң, атам 1942 жылдың тамыз айында Калинин майданына взвод командирі ретінде аттанады. Сол жылдың қазан айында Великие-Луки қаласын жаудан азат ету операциясы барысында рота командирі оққа ұшып, атама оның ротасын басқару тапсырылған. Сол ұрыста ол ауыр жарақат алып, Мәскеуге жеткізіледі. Онда 7 ай бойы емделеді. Сауығып шыққан соң, қайтадан майданға, Орталық фронтқа аттанады. Бірақ денсаулығына байланысты командирлікке жарамайды. Дегенмен ротаның старшинасы ретінде жауынгерлік қызметін жалғастыраын.

Атам өз естеліктерінде соғыс кезіндегі жағдайларды жиі жазатын. Соның бірінде 1943 жылдың қарашасын бейнелеген екен.

«Біз, жалағаштықтар – Сүлеймен Асауов, Алпысбай Нұржанов, Бақыт Ахметов және мен бір бөлімде қызмет етіп, Великие-Луки бағытындағы шайқасқа қатыстық. Үш күнге созылған ұрыста артиллерия мен «Катюша» арқылы жауды 15 шақырымға дейін шегіндірілді. Бір хуторда екі неміс солдатын тірідей тұтқынға алып, бір офицерін жер жастандырдық. Сол күндері түнгі шайқастардың бірінде қаруластарым Сүлеймен Асауов пен Бақыт Ахметов қаза тапты. Ал мен жарақат алдым».

Атамның айтқан жаракаты тым ауыр еді. Ұрыс алаңында миға жарылып, соның әсерінен сол жақ






жамбасы шашылып қалған. Аяқ-қолы, арқасы, бүтін денесінде майданның өшпейтін естеліктері суреттелгендей көрінетін. Соғыстың зардабын көрген адам, бейбіт өмірдің калірін сөзсіз түсінеді. Өрқашан тыныштықты, балаларының, ұрпағының бейбіт өмір сүргенін тілеп отыратын. Саусақтары тартылып қалған еді. Десе де мен үшін домбыра тартып, соңғы күніне дейін мейірім мен махабатқа бөлеп өсірді. Соғыстың салмағынан бөлек күнделікті тіршілігін де жазып жүретін. Соңғы жазбасының бірінде «Бүгін сенбі күні. Дене құрылысым, қол-аяқтарым сау, өзіммен езім салмақтанып жатып ұйықтап қалған екенмін (түс мезгілі). Бір кезде Маржан қызым – әке тұрыңыз, сізді біреу шақырып тұр деген дауысы, мен оңансам үйде өзімнен басқа жан жоқ» деп қысқа қайыраған екен.

Қазтай Кенжақарасев – қару асынған жауынгер ғана емес, болашақ үшін отқа түскен ар-намыстың, рухтың иесі еді. Қанды кырында ауыр жараланып, ажалмен талай рет бетпе-бет келген атамның бойындағы қайсарлық пен Отанға деген адалдық бүгінгі ұрпаққа мәңгілік өнеге. Ол бір күнде ондаған жолдасынан айырылып, сүйегі майдан топырағына айналған талай боздақтың ерлігіне үнсіз тағзым етіп, аман қалғандардың көзіндегі мұң мен кеудесіндегі сағынышты аркалап өтті. Соғыс оның жады мен жүрегінде қалған жара болды. Бізге бейбіт күн сыйлау үшін олардың басынан кешкенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бірақ соғыс шындығын есте сақтау – біздің парызымыз.

ЕЛГЕ СІңІРГЕН ЕРЕН ЕҢБЕГІ

Соғыс аяқталып, ел жеңіске жетті. Атам да оқ пен оттың арасынан аман есен үйге оралды. Елінің ертеңі үшін еңбек еткен азаматтың екінші өмірі басталды. Елге оралған соң аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүргенде халықтық іс – Қызыл жарма каналын кетпенмен қолдап қазу жұмысын басқарды. Қазуға, елді бір орталыққа қоныстандыруға, колхоз өндірісін өркендетуге белсене араласты. 1944-1948 жылдары Қызылорда облысы, Жалағаш аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі, аудандық жоспарлау бөлімінің төрағасы болып еңбек етті. 1946 жылы ол Жалағаш аудандық Совет атқару Комитеті жоспарлау комиссиясының председателдігіне сайланды. Осы жұмыста жүргенде Алматыдағы Республикалық жоғарғы партия мектебіне жіберіліп, онда Нығмет Мырзалиев, Матай Шорабеков, Қоныбек Қазантаевпен бірге оқыды. 1948 жылы оқудан оралған Қазтай Кенжеқарасев Жалағаш аудандық Совет атқару Комитеті председателінің орынбасары, председателі болып қызмет атқарды. 1950-1953 жылдары Қызылорда облысы, Жалағаш аудандық атқару Комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы, 1953-1954 жылдары Жалағаш аудандық жинақ кассасының меңгерушісі, ал 1954-1957 жылдары Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Сталин колхозының төрағасы, 1957-1959 жылдары Қызылорда облысы, Жалағаш аудандық атқару Комитеті жанындағы колхоз құрылыстары басқармасының бастығы болды. Кейін денсаулығына



байланысты колхоз председателдігінен босап, 1980 жылға дейін аудандық өндірістік комбинат бастығы, Коммунизм совхозы кәсіподағының председателі, аудандық тұтынушылар одағы кадрлар бөлімінің бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. Қызмет барысында ауыл шаруашылығына, егіншілікке, қаржы бағытындағы жұмыстарға зор мән берген. Ауылдағы шаруалардың тәжірибе алмасуы үшін түрлі жиындарға, бас қосуларға баруға тырысатын. Сондай іссапардың бірі 1954 жылы болған. Бір топ шаруамен бірге Мәскеуде өткен ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысты.






Жалағаш ауданының құрылғанына 50 жыл толуына орай зерттеуші Әли Еркебаевтың 1989 жылы «Оралдан келген қос қыран» атты мақаласы бұрынғы «Жаңадария» газетіне шыққан енді. Онда атам туралы, еңбектері жайлы жазылған.

«Марқұмның тірі кезінде сөйлескенде ол әзілдеп «Менің Қызылорда облысында келуіме себеп болған Сыр қызына үйленуім» дейтін. Партияның колхоз құрылысын нығайту ұранына байланысты Кенжеқарасев та «жынырма бес мыңдықтар» қатарында бұрынғы ұсақ «Жас қайрат», «Ақарық», «Жаңаталап», «Алғабас» колхоздарынан біріктірілген Сталин атындағы колхозға председатель болып сайланып, бытырыңқы елді мекендерді бір орталыққа қоныстандырып, іргелі ірі шаруашылыққа айналдырды. Сөз жоқ, Қазекең тірі болғанда Жалағаш ауданының 50 жылдық торқалы тойында төрде отыратындардың бірі болар еді» делінген мақалада.

Облыстық Совет атқару Комитетінің Құрмет Грамотасымен, Колхоз өндірісін өркендетіп, шаруашылықты су апатынан сақтауды ұйымдастырғаны үшін ол 1953 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен марапатталды. Ұлы Отан соғысының мүгедегі бола жүріп, Жалағаш жерінде үздіксіз еңбек еткен Қазтай Кенжеқарасев 1977 жылы республикалық дәрежедегі дербес пенсияға шықты. Ол сондай-ақ Ұлы Отан соғысында ерліктері үшін 1941-1945 жылдардағы II дәрежелі Отан соғысы орденімен, 1941-1945 жылдардағы I дәрежелі Отан соғысы орденімен, Женістің 30, 40, 50 жылдық медальдарымен наградалған.

1977 жылы атам зейнетке шықты. Бірақ зейнет демалысы да оған төкпейлсу емес, жаңа белес болды. Өмірінің соңына дейін ауылдың, халықтың ісіне араласып, ақыл-кеңесін айтып, ел ішіндегі парасат пен сабырдың белгісіндей болып өтті. Ол кісінің өмірі – өзінен кейінгі ұрпаққа тағлым, үлгі, аманат. Біз атамыздың есімін мақтанышпен айтып, оның рухани мұрасын ұрпақ санасына сіңірді парыз санаймыз.

Маржан КЕНЖЕҚАРАЕВА,
немересі



Тыныштықтың тірегі болған тарлан

**Желбіреген жеңіс
жалауының астында
бүгінде бақытты ғұмыр
кешіп жатқанымыз – қанды
майданды көрген батыр
бабалардың ерен ерлігі мен
төгілген терінің арқасы.
Ұлы Отан соғысының
отты жылдарында елінің
амандығын ту етіп,
жанын шүберекке түйіп,
жауға қарсы аттанған
миллиондаған жауынгердің
бірі әрі бірегейі – аға
лейтенант, соғыс ардагері,
заңгер, әділет жаршысы
болған – Өмірзақ Мұстафаев.**

Ол – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының тумасы. Қарапайым отбасында туып-өскен Өмірзақ ақсақал бала жастан зерек, сөзге шешен, оқуға құмар болып өседі. Ес біле кітап оқып, білімге бас қойған ол – өмір бойы өзін-өзі тәрбиелеуден танбаған, ақыл-парасатты ту еткен тұлға. Ол соғысқа дейін Мәскеудегі заңгерлік мамандығы бойынша білім алып, Наманган әскери округінде НКВД-ның арнайы барлау мектебінде оқиды. Бұл



– екінің біріне бұйырмайтын, аса жауапты және құпия ұйымдардың бірі болатын. Осы дайындықтан кейін Өмірзақ Мұстафаұлы Гомель қаласындағы ВПУ-да, 348-атқыштар дивизиясы, 3-армия, 3-Беларусь майданы құрамында СМЕРШ қатарында аға лейтенант болып қызмет етеді.

Сұрапыл соғыстың ең бір қиын да қауіпті тұстарында диверсанттармен күресіп, түрлі құпия тапсырмаларды орындаған ол тек

найзаның ұшымен емес, ақылмен де шайқасқан сарбаз еді. Ел үшін етігімен су кешіп, шейіт болуды да елемеген ол – нағыз Отан үшін туған ер болатын. Жауынгерлік ерлігі мен асқан батылдығы үшін «Кенигсбергті алғаны үшін», «Берлинді алғаны үшін», одан бөлек, «Ұлы Отан соғысының батыры», маршал Георгий Жуковтың арнайы медальдарымен марапатталған. Бұл марапаттар көптің ішінен дара шыққан ердің маңдай терінің куәсі екені бәрімізге мәлім.

Соғыстан кейінгі бейбіт жылдары да ол ел игілігіне қалтқысыз қызмет етті. Ақтөбе қаласында сот болып қызмет етті. Заңды терең меңгерген, әр бапты жатқа білген білімді азамат ретінде ел арасында абыройға ие болды. Кейін Жаңақорғанда, туған жері Қармақшыда да сот болып жұмыс істеп, әділдіктің ақ туын биік ұстап, талай адамның тағдырын таразылады. Зейнетке шыққанша ел алдындағы адал қызметінен айныған жоқ.

Өмірзақ Мұстафаұлы – тек кәсіби маман ғана емес, жомарт жүректі, кең пейілді, ар мен адалдықты ту еткен асыл азамат еді. Аштық жылдары соғыстан алған азық-түлікті бүкіл туған-туысына бөліп беріп, оларды аштан аман тудып қалғанын ел-жұрт ұмытқан емес. Үйсіз-күйсіз қалғандарға қол ұшын беріп, далада қалдырмай, шын мұқтажға сүйеу бола білді.

Кейіпкеріміз жылдарының үнемі оқуға үндейтін, балаларын да білім мен парасатқа баулыған. Көз жанарынан айырылған шағында да жаңалықтар тыңдап, әлем жаңалықтарын саяси шолушыдай сарапал айтып отыратын. Құранды жатқа біліп, бабалар аманатына берік

болған. Бата берсе, тыңдаған жанның жүрегін елжіретіп, көкірегіне иман ұялататын асыл тұлға еді.

– Үнемі таза, ұқыпты жүретін. Келісті киініп, аяқ киімін жылтыратып қоятын. Уақытымен жүруді өмір салтына айналдырған. Өзгеге де үлгі болды. Ешқашан дауыс көтермеген, бір айтқанын жеткізіп, ұрпақ тәрбиесінде сабыр мен парасатты серік еткен. Жас көрсе «Оқы, балам. Білім – адам баласының шырағы» деп, тура жолға бағыттап отырған, – дейді кейіпкердің қызы.

Міне, осындай тұлғалар – бүгінгі бейбіт өміріміздің іргетасын қалаған тірі шежіре, ел тарихының алтын парағы. Өмірзақ атамыз – сол қанды майданнан тірі оралғандардың бірі. Бірақ оның қасындағы қаншама қарулас майдан даласында мерт болды. Бүгінгі бейбіт Отан – сол боздақтардың соңғы демі мен төгілген қанының өтеуі.

Біз – бүгінгі ұрпақ, осындай аталарымыздың арқасында таңымыз тыныш, көгіміз ашық. Олар бар ауырталдықты аркалап, бізге өмір сыйлады. Ендеше, Женіс күні – жай мейрам емес, елдің еңсесін көтерген, жанын қиған жандардың рухына тағзым күні.

Өмірзақ Мұстафаұлының өмір жолы – білім мен адалдықтың, ерлік пен әділеттіліктің нағыз үлгісі. Осындай тұлғалардың өнегесі өшпей, жас ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталуы тиіс.

Женіс – оңай келген жоқ, ал бейбіт күн – баға жетпес байлық. Тыныштықты ту еткен тарландардың жанкештілігін ұмытпайық!

Нұршат НЫШАНОВА



АҚЕРКЕ МҰХИТҚЫЗЫ, СТОМАТОЛОГ:

3 ЖЫЛДА 10 МЫҢДАЙ АДАМҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТТІК

– «A dental clinic» – қаладағы танымал тіс емханасы. Жас болсаңыздар да жолдасыңызбен бірге стоматология ашуға тәуекел еттіңіздер. Мұндай батыл бастама кімнің идеясы, қазір қанша маман еңбек етеді?

– Пікіріңізге рақмет! Өрине, идея жолдасымдікі. Қазіргі таңда Алланың қалауымен, ата-аналарымыздың ақ тілегі, сондай-ақ мемлекеттің қолдауымен ісіміздің өрге басып жатқанына 3 жылдай уақыт болды. Арман екеуімізден бөлек 4 дәрігер бар. Өрқайсының жеке ассистенттерін есептегенде барлығы 15 адамды жұмыспен қамтамасыз етудеміз.

– Осы кезге дейін шамамен қанша адамға қызмет көрсеттіңіздер?

– Орта есеппен он мыңдай пациентке қызмет көрсетіппіз.
– Тіс дәрігерінің ең маңызды қасиеттері қандай деп ойлайсыз?
– Дәрігердің мәдениеттілігі мен адамға жанашыр болуы өте маңызды. Ал кәсіби міндетіміз – көмек сұрап келген әрбір пациентімізге сапалы, заманауи, ауырсынусыз көмек көрсете білу және ауыз қуысы ауруларының алдын алуға халқымызды бейімдеу.
– Әр адам жылына қанша рет тіс дәрігеріне тексерілу қажет?
– Қазіргі экологияға байланысты ересек пациенттерімізге 4 айда 1 рет, кішкентайларға 2 айда бір рет стоматолог қарауына келуге кеңес береміз.

– Заманауи стоматология туралы айтып беріңізші. Имплант, брекет, винир салдыру трендте десек те болады. Ең жиі қолданылатын емдер туралы не айтасыз?

– Біздің мамандығымыз үздіксіз оқу мен үйренуді талап етеді. Себебі күн сайын заманға сай жаңа дүниелер шығып жатыр. Қазір терапия, тіс емдеуден бөлек имплант, брекет, коронка жүйесін орнату секілді қызметтер сұранысқа ие.

– Кариеc көптеген адамда бар. Ол неден пайда болады және қалай алдын аламыз?

– Өкінішке қарай, тісінде кариеcі жоқ адамды өте сирек кездестіреміз. Кариеcке әкелетін себептер өте көп. Атап айтсақ, нашар гигиена, тіс пастасы мен тіс щеткасын дұрыс таңдамау, уақытылы жумау, зиянды тағамдар мен сусындар тұтыну және ағзадағы дәрумен жетіспеушілігі де кариеcке әкелуі мүмкін.



Акерке Әуезова – қаладағы «A dental clinic» тіс емханасының дәрігер стоматологы.

Жылы жүзбен қарсы алып, жағымды даусымен емдеу жолдарын асықпай баяндаған дәрігер өз ісіне тиянақты екенін алғашқы барғанда-ақ байқатты. Дәрігердің ұқыпты жұмысына зер салғаннан кейін, стоматология турасында сұхбат құруды жөн санадық.

– Акерке Мұхитқызы, алдымен оқырмандарға өзіңіз туралы айтып өтсеңіз. Бұл мамандықты таңдауыңызға не себеп болды? Стоматолог болу үшін қандай жолдан өттіңіз?

– Мен 1995 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келдім. Орта мектепті бітіргеннен кейін Ақтөбе қаласындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің «Жалпы медицина» факультетінде білім алуды мақсат еттім. Осылайша өзге де абитуриенттер секілді құжаттарымды жинақтап, отбасымның қолдауымен өзім мүлде бармаған қалаға бет алып, бейтаныс жандардың үйіне қоныстандым. Сол уақытта «немерем жоғары білім алады, дәрігер болады» деп сенім артқан атамның 300 мың бергені де көз алдымда.

Осы тұста айтқым келетіні әрбір адамның тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін адамдар болады. Менің өмірімде сондай жандар – Ақтөбедегі көкем мен әпкем. Ол кісілердің маған мейіріммен қарап, үнемі қолдау білдіріп, жанашырлық танытуы қай кезде де дұрыс таңдау жасауыма көмектесті. Ләззат әпкем «стоматология саласының болашағы зор. Жақсы мамандықтардың қатарында» деген кеңесінен кейін осы факультетке оқуға түстім. Университетте білім алған 6 жыл бойы осы аяулы жандардың құндылығы кітап беттеріндегі ақпаратқа тең келетіндей ақыл-кеңестерін тындап, оқуымды ойдағыдай тәмамдадым. Бүгінде мамандығым – дәрігер стоматолог. Оқуды аяқтағасын тұрмысқа шығып, 2 ұлдың анасы атандым.

Көпшілік жеке тіс щеткасы мен тіс пастасын таңдауға аса мән бермейді. Тіс щеткасын екі айда бір рет және тұмау секілді вирустық аурулардан жазылғаннан кейін де ауыстыру қажет. Одан бөлек тіс тазалау процесіне күніне екі рет кемі үш минут бөлу қажет.

– Электрлік тіс щеткаларын жарнамадан жиі байқаймыз. Мұның қарапайым щеткадан айырмашылығы қандай? Ал тіс пастасын таңдау кезінде неге назар аудару керек?

– Иә, қазір тіс күтіміне арналған өнімдер көп. Электрлік щетка жақсы, бірақ сол нәтижеге кәдімгі щеткамен де жетуге болады. Ал тіс пастасын әр адамның шағымына қарай жеке таңдауға кеңес беремін.



– Қандай тағамдар мен сусындар тіске зиян?

– Тәтті тағамдарды көп тұтыну, газдалған сусындар, чипсы жеу, кофе мен қою шай ішу, құрт, жаңғақ секілді қатты өнімдерді тістеу тісті зақымдайды.

– Тіс жұлдырудан қорқатын адамдарға қандай кеңес бересіз?

– Қазір технология дамыған заман. Анестетиктердің ауырсынуды басатын деңгейі жоғары. Сондықтан қорықпай нағыз маманға барсаңыз, тіс жулу процесі ауырсынусыз, аз уақытта өтетінін сеніммен айта аламын.

– Тіс емханасына барғанда кез келген адам қобалжиды. Жұмыс барысында қызық жағдайлар болды ма?

– Мен ересектерден бөлек балаларды да қабылдаймын. Бір күні анасы үш жасар баласымен кеңес алуға жазылды. Кішкентай бала клиникаға кірмей жатып, «ойбай-ай, ойбай, мыналар мені өлтірейін деп жатыр» деп айғайлап жылап, келіп отырған науқастар мен қызметкерлерді күлкіге қарық қылғаны бар.

– Егер сіз стоматолог болмасаңыз, қандай мамандықты таңдар едіңіз?

– Журналистика саласын таңдар едім. Халық пен билік арасындағы алтын көпір саналатын бұл мамандық бала кезімнен қатты ұнайды.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА



ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮЗДІК АТАНДЫ

«Халықаралық жедел жәрдем қызметкерлерінің күні» қарсаңында Астана қаласында «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы және «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығының ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасының 100 үздік жедел жәрдем қызметкері» атты республикалық патриоттық байқауы өткізілді.

Байқауға өңіріміздің жедел жәрдем қызметкерлері де қатысып, нәтижесінде облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының фельдшерлері Сырым Ахметов пен Ардақ Нұралиева «ҚР үздік жедел жәрдем қызметкері» төсбелгісі және «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

КӨПБЕЙІНДІ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫНДА ГОСПИТАЛЬДЫҚ ФАРМАЦИЯ БӨЛІМІ АШЫЛДЫ



Көпбейінді облыстық балалар ауруханасында жаңа қызмет іске қосылды. Яғни госпитальдық фармация бөлімшесі ашылды.

Салтанатты ашылу рәсіміне облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының инвестициялық жобалар және медицина жүйесін дамыту жөніндегі орынбасары Ерділдә Нұртазаұлы қатысып, жаңа бөлімнің жұмысына сәттілік тіледі.

Госпитальдық фармация бөлімі алдағы уақытта аурухананың дәрілік заттармен қамтамасыз ету жүйесін жақсартып, дәрі-дәрмектерді сақтау, бөлу және қадағалау үдерісін жоғары деңгейде жүзеге асыратын болады.



№6 ЕМХАНА МЕЙІРГЕРІ ЖЕҢІМПАЗ

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің қолдауымен Ресей Федерациясының Бас Прокуратурасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы біргеміз!» атты халықаралық байқау ұйымдастырған болатын.

33 мемлекет өкілдері арасында ұйымдастырылған байқауда «Ең үздік плакат» номинациясымен №6 қалалық емханасының мейіргері Мұратбек Нұрасыл II орынға ие болды.

Байқау жеңімпазына Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысының бірінші орынбасары Айдос Жүнісов сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қосқан үлесі үшін РФ Бас Прокуратурасының марапатын салтанатты түрде табыстады.

«АЖ» ақпарат



Жеңіс күні жақындаған сайын сексеннің сенгіріне шыққан Әкімкүл әженің көңілі құлазып, мазасы кетіп жүр. Кейде кеудесінде жүрген сыр мазалап, ұйқы бермегенде, үй маңындағы «Октябрь» атындағы кинотеатр алдындағы алаңға барады. Сол жердегі Ұлы Отан соғысына қатысып келгендер мен қайтпай қалғандардың тізімі қашап жазылған ескерткіш тұғырға барып, жан жары мен туған қайныларының аты-жөнін оқып, жылап алатын кездері жиілеп кетті.

Әкімкүл әже өткен өмірін еске алды. Отағасы Бәйден Тұрсынбайұлы момын, еңбек десе ерінбейтін жан еді. Екеуі бес қыз, бір ұл көрді. Кіші қайынысы Кенжебай оқуға ынтасы зор, жаңалыққа жаны құмар, көзінде оты бар жігіт болып, бұлардың қолында ер жетті. Ағасы Бәйден де бауыры десе жанын беретін. Кенжебай жоғарғы оқу орнын 1940 жылы бітіріп, арнайы жолдамамен Жамбыл облысы, Талас ауданына кетті. Барғанына бір жыл толғанда, 1941 жылдың көктемінде «Үйленемін, тойға келіңіздер!» деген жеделхат жіберді. Колхоз жұмысынан шыға алмаған Бәйден інісінің тойына зайыбы Әкімкүлді жіберді.

Кенжебай Талас ауданы Үшарал ауылында бас маман – зоотехник болып қызмет істейді екен. Іскер, ұстамды сабырлы Кенжебай бұл ауылда аз ғана уақытта зор беделге ие болғанына жеңгесі тойға барғанда куә болды.

Таңдаған жары Күлшай – ауылында беделі зор Мүкия ақсақалдың үш ұл, бір қыздан кейінгі еркелетіп өсірген кенжесі. Кенжебайды бір көргеннен ұнатып, әкесі мен бауырларын өзінің дегеніне көндірген ол қыздың да осал емесі анық. Олардың үйлену тойына қатысқан Әкімкүл қайыны мен жас келініне дән риза болып, Үшаралдан көңілі толып қайтады.



Кенжебай Тұрсынбаевтың жоғары оқу орнын бітіріп келген кезі, 1940 ж.

Артынша қаһарлы соғыс басталып, Әкімкүлдің жұбайы Бәйден алғашқы лекпен соғысқа кетті. Қызылорда облысы Шиелі ауданында туып-өскен оның туған інілері, яғни Тұрсынбайдың тағы да алты ұлы: Бәлке, Сәрсенбай, Ыбырай, Шалтай, Омар, Кенжебай да ағасының соңынан ілесіп, соғысқа кете барды...

1943 жыл. Күздің қара суығында егін басындағы Әкімкүлге ең кенже қайынысы Кенжебай келеді. Таластан Шиеліге соғып тұр. «Жеңеше мен соғысқа кетіп барамын, ана жақта бір ұлым қалып барады, егер олай-бұлай болып, қайтпай қалсам, іздеп барыңыздар. Жатбауыр болып, туыстарын білмей кетпесін. Сізге аманат!..» деді.

Қым-қуыт соғыс кезінде бас көтеруге мұрша жоқ, Әкімкүл бес қыз, бір ұлды өзі асырап, көп қиыншылықты бастан өткерді. Бес қызы тұрмысқа шықты, ал жалғыз ұл Аманбай әлжуаз, аурушаң бала болып өсті. Оны емдетті, қатарынан қабілеттірек болсын деп, орысша оқуға берді, бақты-қақты. Қатігес соғыс салған кесірлі лаңнан Бәйденнен бастап Кенжебайға дейін – Тұрсынбай әулетінің жеті ұлы да майдан даласынан қайтпай қалды... Осыған ұқсас жағдай сол кезде көп қазақ әулетінде болып жатты. Жетім бала-шаға, зарлаған, мұңайған жесірлер...

Соғыс та бітті. Бірқалыпты өмір басталды. Бірте-бірте жұрттың төрт құбыласы түгенделгендей болды. Әкімкүл ене атанды. Құдайға шүкір, келіні Жақсыгүл – текті жерден. Тұтынұшылар одағында сатушы: таң атар-атпас жұмысқа шығып, сүт, қаймақ, ірімшік сатады. Танғы тоғыздан өте барлық тірлігін бітіріп келіп, үй шаруасына кіріседі. Ұл да, қыз да тапты. Үйдің де, ағайынның да шаруасын тап-тұйнақтай бітіретін. Туысканның той-томалағынан да қалмайды.

Орыс болып кетуге шақ қалған Аманбайды келіні қазақшылыққа қайтарды, білмегенін үйретті. Ұлы мен келіні ағайынның қызықшылығынан қалдырмай: «Анашым, жүріңіз, сіз біздің бойтұмарымызсыз!» деп, қояр да қоймай ертіп кететін. Әкімкүлді Жақсыгүл апта сайын моншаға ертіп баратын. Бірақ осындай бір сәтте көкейінде жүрген ойын айтып, шер болып қатқан уайымымен, қасиетті аманат жүгімен бөліскісі келсе, ол бірден Аманбайға сілтейді. Ал өз баласы «Қолым тимей жатыр!» деп, сөзінің аяғын тындамастан кете барады. Шынында да қолдары тимейтіні рас шығар. Жақсылап үй салды, одан көлік алмаыз деп шабылды. Содан соң ағайынды шақырып, той жасады. Енді кезек балаларға келді, олар оқуға түсті, әйтеуір бітпейтін күйбен тірлік. Бәрі де рет-ретімен, жөн-жосығымен сияқты.

Жасы үлкейген сайын Әкімкүл әжеге істейтін жұмыс қалмайтын болды. Өз бөлмесінде ұршығын иіріп отырып, терең ойға шоматын. Сол 1943 жылы қоңыр күзде қайынысы Кенжебайдың егіс алқабына келіп: «Жеңеше, жалғыз ұлым қалып барады, есімі – Совет. Олай-бұлай болып, Отан жолында өліп кетсем, сізге аманат. Ағайынға жат болып өспесін, балам сізге аманат, аманат!..» деген даусы қырық жыл өтсе де, дәл бүгінгідей құлағында жаңғырып тұр. Өзінің шамасы да, күші де жетпейді, ал бала мен келін мән беріп көңіл аударғысы келмейді.

Әкімкүл ойлана-толғана келе, ағайын арасынан көмектесетін жан іздеді. Алғашқыда соғыстан келген майдангер таныстарды еске түсіріп көрді. «Шіркін, Сауда Ишан болғанда ғой...» («Саудашы Ишан» жырын тоқтаусыз айта алатын, соғыс көрген заврофа қайынының шын есімі Сыздық болатын). Иә, ол талай жақсылық жасады. Біріншіден, балам Аманбайдың ашы суға құмарлығын ақсақалдар арасында талқыға салды. Сүйегінен өтетін сөздер айтып, салынып ішуді қойдырды. Соғысқа бірге барып қайтқан шашты руындағы Шәкеннің өсіп келе жатқан қызын көрген соң, ұлына айттырып, құда түсіп, дүрілдетіп той жасады. Жарықтық сол «фронтовик» шалдарға жан жетпейді ғой. Соғыстан алған жарақаттан екеуі де 60-қа жетпей, мәңгілік мекеніне аттанды. Сұм соғыс, атаңа нәлет фашист, қанша жыл өтсе де сенің зардабың таусылмады-ау!..» деп, көзінің жасын сығып-сығып алды. «Шүкір... Шүкір... Жыламаймын дегенмін, жыламаймын. Қой, намаз уақыты болып қалыпты ғой», деп дәрет алуға шықты. Әкімкүл әже бесін намазын оқып алған соң, дем алмақшы болған еді. Тағы да ой құшағына беріліп, көз алдына өткен оқиғалар тізіліп келе бастады. Ол мазалаған ойдан арылу әсте мүмкін еместей...

1984 жылғы 9 мамыр мерекесі үй маңындағы «Октябрь» кинотеатрының алдында әдеттегідей, сән-салтанатымен өтті. Әкімкүл әжені де соғыстан қайтпай қалған солдаттың жесірі ретінде шақырды. Сол баяғыша құрмет көрсетіп, қорабында пілдің суреті бар екі килограмм үнді шайы мен шағын радиоқабылдағышты сыйға тартты. Айнала ән мен жыр, салтанатты думан болып тұрса да, әженің жүрегі жылап тұр. Дәл сол кезде үстінде милиция формасы бар Сыздықтың ұлы Сансызбай ұшыраса кетпесі бар ма? «Әже, Жеңіс күні құтты болсын!» деп екі қолдап амандасқанда, оны құшақтап тұрып, дауыстап жылап жіберді. Сансызбай сасқанынан: «Әже, не болды, бір жеріңіз ауырып тұр ма, кім ренжітті?..» деді таңданып. Біраз құшақтап тұрған Әкімкүл әже көз жасын сүртіп, өз-өзіне келді де, «Балам, уақытың бар ма?» деді аянышты үнмен. «Бізді осы жерге тәртіпті қадағалау үшін жіберген еді. Қазір басшылыққа ескертіп келе қояйын», деп кеткен милиция қайынысы тез оралды.

Әкімкүл әже іштегі шерін бастан-аяқ баяндап шықты: «Айналайын балам, өзіңнің шежіреден де хабарың бар ғой. Менің балам Аманбай – атадан жалғыз болғанымен, оның әкесі Бәйден – атадан жеті ұл. Ол жетеудің бірі де сұм соғыстан қайтпағанын білесің. Менде орындамай жүрген аманат бар, балам. Жүрегімде қатқан шер бар, мән беріп тыңда, көмектес! Бәйден атаңның ең кіші інісі біздің қолымызда өскен еді. Оқуға ынталы, зерек, көпшіл бала болатын. Бәйден де інісін өте жақсы көрді. Жоғарғы оқуға жіберуге келісім беріп, барынша жағдайын жасады. Кенжебай жолдамамен Жамбыл облысына кетті де, көп ұзамай үйленетінін айтты. Колхоз жұмысынан шыға алмаған Бәйден ағаң тойға мені жіберді. Құдамыз Мүкия ақсақал Ұлы жүз, Ошақты, оның ішінде Тасжүрек атасынан тарайды. Әлпештеп өсірген Күлшай деген кенже қызы ақылына көркі сай көркем жан еді. Қайным Кенжебайдың аз уақытта абыройға ие болып, өмірлік жарын да айнытпай тапқанына риза болып қайтқан едім. Құда болып қатысамыз деп жүргенде, соғыс басталып, есептіріп қалдық қой. 1943 жылы күзде сол Талас ауданында қызмет жасап жүрген Кенжебай да майданға алынып, кетерінде маған арнайы келіп, кішкентай ұлын аманаттап еді. «Сізге АМАНАТ!» деген сөзі әлі құлағымда жаңғырып тұр. Сексенге келген жасым бар, мойнымда қарыз болмасын, көмектесің!..» Осыны айтты да, қайран әже ағыл-тегіл көз жасына ерік берді.



Ерлі-зайыпты Кенжебай мен Күлшай, 1941 ж.

Сансызбай дереу елдің әр жерінде құрылған «Қызыл ізшілдер», «Барсың ба, бауырым!» атты іздеу орталықтарына хабарласты. Мұра-ғаттарға хат жазды. Шиелі аудандық «Өскен өңір» газетінің Сәпи Құрманбаев есімді тілшісін сексен жастағы әжеге ертіп апарып, мақала жаздырты. «Сексендегі Әкімкүл әже өзі көрмеген бауырын іздейді. Әкесінің аты – Кенжебай Тұрсынбайұлы, анасының аты – Күлшай Мүкияқызы. Өзінің есімі Кеңес болуы мүмкін...» деген мәтіндегі хабарландыру Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінде де жарияланды.

Сол кездегі Жамбыл қаласында тұратын, Талас аудандық партия комитетінде сол жылдары хатшы болып қызмет істеген жанның жұбайы редакцияға бірінші болып хат жазды. «Құрметті редакция! 1940 жылы менің жолдасым Талас ауданының партия ұйымының бірінші хатшысы болған. Жоғарғы білімді жастар ташпы кезде, Кенжебай Тұрсынбаев деген жоғарғы білімді жігіт жолдамамен жұмысқа келді. Өте білімді, сауатты, көркем мінезді еді. Ұйымдастыру қабілетінің арқасында көпшілікпен тез тіл табысып, жақсы араласып кетті. Біз олармен жанұямызбен араластық. Кенжебайдың жұбайы – Күлшай Мүкияқызы, ұлының есімі – Совет», делініпті ол хатта.


Бәрі қалай басталған еді?... Күлшай Мүкияқызы өте ерке, еркін өскен қыз еді. Мал шаруашылығымен айналысатын осы Үшарал совхозында Мүкия ақсақал беделді, ақылшан жас болса, үш ұлы – совхоздың белді жұмысшылары. Ауыл-ауыл болып көкпар тартысқанның өзінде бар салмақ осыларға түсетін, жеңіс тек осыларда болатын. Осындай ағаларына арқа сүйеп өскен Күлшай зерек, оқуға ынтасы зор, ән де шырайтын, әкесіне кісса-жырларды оқып беретін, ал кейде мың бұралып билей де жөнелетін. Бүкіл ауыл Күлшайды жақсы көрді.

Сол жылы он сегізге толып, «Ақ тұлпарлы ханзадам мені қашан іздеп келер екен?..» деп армандап жүргенде, ауданның анау-мынау емес, бірінші басшысы ақ «Волгамен» бір жігітті осы үйге ертіп келді. Ерке қыз келген қонақ жігітті бір көргеннен-ақ ұнатып қалды. Аудан хатшысының әкесімен болған әңгімесіне еріксіз құлақ түрді. «Мал шаруашылығы бойынша оқыған жоғары білімді маман керек дейтін едіңіз ғой. Міне, өзі – ауылда туып-өсіп, қалада институтта оқыған нағыз білікті жас маман. Әзірге жататын жері жоқ, осы ауылдан бір баспана жағын реттерсіз», деген сөзін құлағы шалды. Сымбатты жігітін Кенжебай деген есімін естігенде, ол да бұл сияқты үйдің кенжесі, еркетайы екен-ау деген ой шарпып өтті. Екі жас тез тіл табысты. Бір күнде барлық балалығын тастады, Кенжебайды ессіз сүйді. Арada біраз ай өткен соң, Күлшай аты ағасы мен әкесіне өзінің тұрмысқа шығатынын айтып, қалауын білдірді.

Бұл ауыл мал шаруашылығымен айналысатын. Жас маман Кенжебай аз уақытта совхоз жұмысының ұйытқысы болып, дамыл таппай еңбектеніп, көзге көрініп, абырой мен беделге ие бола бастады.

Аудан басшылары жас маманның үйленуін қуана қолдап, тойларын дүрілдетіп өткізіп берді. Жас жұбайларға тұрғын үй бөлуге шешім шығарды.

Қос ғашықтың махаббатының бал кезі ұзаққа созылмады. Барлығын қаһарлы соғыс бұзды. 1943 жылы Кенжебай Тұрсынбаевты да майданға шақыртты. Күлшай еңіреп жылап, жер бауырлап жатып алды. Қолында 1942 жылы қаңтарда дүниеге келген ұлы – Совет. Әкесі Мүкия Баймұратұлы қызына келіп: «Қалқам Күлшай! Бұл – бүкіл ел басына келген нәубет. Мен де ұлдарым, сенің ағаларың Әміртай, Ізбасар мен Құралды соғысқа жіберіп отырмын ғой. Жетпіске келген мені де алса, Отан қорғау үшін баруға даярмын. Сондықтан жылауыңды тоқтат, соғысқа кеткендердің жеңіспен оралуын тіле. Балаңның болашағын ойла! Жақсылықтан үмітінді үзбе!» деп жігерлендірді.



Совет Кенжебайұлы жары Тәпішпен, 1963 ж.

Кенжебай кетті. Бірақ оралмады. Сонда да сүйген жарын күтумен, үмітін үзбеумен келеді. Ұлы Советті үйлендіріп, одан немере сүйді. Қаншама жыл өтті. Сонда да «Кенжебайым міндетті түрде оралады», деумен өмірі өтіп жатты. 1984 жылы Күлшай зейнеткерлікке шығуға құжаттар жинап, әскери комиссариатқа бас сұққанда, «1944 жылы ақпанда Тұрсынбаев Кенжебай ерлікпен қаза тапты» деген жазуы бар, әбден сарғайып кеткен «қара қағазды» оқып, есенгіреп отырып қалды. Марқұм әкесі Мүкия, қызы бұл қайғыны естімей-ақ қойсын деп шешіп, сол жылдары көрсетпеген екен. Кенжебайы сол кезде-ақ мерт болыпты ғой...

«Тірі адам тіршілігін жасайды» деген рас сөз. 1985 жылдың да көктемінде облыстық «Еңбек туы» газетінен кішкене ғана қуанышты хабарды оқыған 44 жастағы ұлы Совет бірден Қызылорда облысы Шиелі ауылына тартып кетті. Әкесінің бауырларын енді көрермін деп ойламаған еді. Өздері іздеп тапты-ау, әйтеуір! Кенжебайдың ұлына туысқандарын алғаш рет көру, өзін іздеген Әкімкүл әжемен қауышу бұйырды. Әубәкір Нұрқеұлы, Сайлау Сыздықұлы сынды туған-туыстың шаңырақтарында болып, ағайынмен танысты. Өмірден өткен ата-бабасына зиярат етті. Араға уақыт салып, совхоз басшыларынан рұқсат сұрап, арнайы автокөлік алып, анасы Күлшайды, жұбайы Тәпішті, ұлы Бақдаулет, қыздары Шайжа мен Шолпанды және басқа да жақын-жуықты ертіп, Сыр бойындағы атамекеніне жол тартты.



Шиелідегі туыстарға келгенде, 1987 ж.

Үлкен шаңырақ Аманбай Бәйденұлының үйі қайта қауышқан туғандарын ансамблімен қарсы алды. Ауданның мәдениет саласын басқаратын туыстары Әшімхан Оспанов: «Сыр елін білгің келсе, Шиеліге кел! Әр алқалы жиынды Нартай Бегежановтың ән-жырымен ашамыз!» деп, жырыш Құрманбекке «Өздерің білер Нартаймын» әнін орындатты. Үйдің үлкен залындағы дастархан төрінде Күлшай әже мен ұлы Совет, келіні Тәпіш, ал қарсы бетке сол ауылдың үлкендері – Отан соғысына қатысқан ардагерлер жайғасты. Олардың бәрі Кенжебай туралы естеліктерімен бөлісті. Бір кезде Күлшай әже сөз алып: «Құрметті менің жұртым! Әкімкүл абысыным ғана менен үлкен, қалғандарың қайным, баламсыңдар. 40 жыл бойы біреуің іздеп келмедіңдер. Мені іздеп тапқан балам – Сансызбай. Қайда сол балам, шақырыңдар!» деді тебіреніп. Сансызбайды құшағына қысып, аналық алғысын білдірді.

Арада біраз уақыт өткен соң, Әкімкүл әжесі бастаған, Сансызбай баласы қостаған бір қауым туған-туысы Советтің ауылына келіп, арнайы қонақ болып кетті. Совет туғандарын ауыл болып, құшақ жая қарсы алды. Той жасады десе болғандай. Айтылмаған әңгіме, тарқатылмаған шер қалмады. Махаббат пен аманатқа деген адалдықтың жыры мен сыры төгіліп сала берді...

Содан бері қырық жыл уақыт өтсе де, туған-туыстың ара-қатынасы бір үзілген емес. Бүгінде Бәйденнің немерелері Кенжебайдың немерелерімен жиі-жиі хабарласып, бір-біріне қонақ болып келіп-кетіп жатады. Тұрсынбай әулетін жалғастырушы – осылар. Туыстың аты туыс қой. Бауырдың аты бауыр ғой. Өшкені жанды деген осы болар. Үзілген үміт қайта жалғанды. Аманат орындалды.



«Әкесі бар баланың жесесі
тастан өтеді»

(Бұқар жырау)

9 мамыр күні Қазақстан халқы Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесін тойлайды. Осы мерекемен қатар келген менің де қуанышты күнім. Биыл менің әкем тірі болғанда 85 жасқа келер еді. Әкем – Кеңестік ССР Одағының бокс-тан спорт шебері, кәсіптік және техникалық білім саласының ардагері. Өткен күндер елесіне үңілген сайын әке қадірін түсініп, әкенің өмірден ерте кеткені жанға бататыны рас. Әке өмірін әңгімелеу – ұрпақтан ұрпаққа аманат. Әке туралы мақтанышпен еске алып, өніп өскен әулеттің ұрпағына айтып беру, бұл менің әкеме құрмет көрсету, перзенттік парызым деп түсінемін.

Орғараев Алыбай Омарұлы 1940 жылы 9 мамырда Қызылорда облысы (қазіргі Сырдария ауданы) Тереңөзек кентінде орта шаруа отбасында дүниеге келген. Отбасында ағасы, апасы, бір інісі бар, төрт бала тәрбиеленді. Әкесі Омар 1941жылы соғысқа кеткенде, анасының ағасы Татихан Бекеновтың тәрбиесінде болды. Нағашы ағасының арқасында жетімдік көрмей, жоқшылық көрмей өсті. Әрине ол уақытта жағдайы керемет болған ешкім жоқ. Сонда да Татихан ағаның арқасында қалада оқитындай хәлге жетті. Алыбай бала кезден спортқа бейім болды, соны байқаған нағашысы бокспен айналысуына жол сілтеп, жоғарғы оқу орнына түсуге мүмкіндік жасаған. Жас жеткіншек 1957 жылы Алматыға барып, сол кездегі Қазақ мемлекеттік физикалық мәдениет (КазИФК) институтына оқуға түскен. Институт қабырғасында жүріп, бокстан болған жарыстарға қатысып, көзге түсе бастайды.

Қазақстан спортшылары Кеңес Одағы тұсында айтарлықтай спорттық дәрежеге қол жеткізді. Кәсіби бокста Қазақстан бойынша жұдырығының өнерін кәсіп қып жүрген боксшылар санаулы ғана болған. Солардың бірі де бірегейі – Орғараев Алыбай Омарұлы.

Алыбай Орғараев 1960-1963 жылдар аралығында ҚазақССР чемпионаттарының финалисі, 1961 жылы ҚазақССР чемпионатының жүлдегері, ал 1962 жылы Тбилисиде өткен Бүкілодақтық студенттер ойының финалисі атанған.

1961 жылдан Кеңестік ССР Одағының спорт мастері атанған мықты боксшы. Кәсіби бокста 147 рет жұдырықтасты, оның 131-інде жеңіске жеткен.

Сол уақыттардағы Қызылорда облысының намысын қорғап, облыс атағын шығарған спорт тарихында көптеген спортшының аты мәңгі қалды. Олардың қатарында боксшы Алыбай Орғараев, Асылбек Матиков, Нақышбек Көбековтер бар.

Жас жігіт, мықты боксшы, атақты спорт шеберінің көзі бір сұлуға түсті, жүрегіне жақын жан пайда болды. Ол сұлу Гурьев облысынан Қызылорданың педагогикалық колледжіне келіп, оқып жүрген Жамал



еді. Алғашқы таныстық, арасында жарыстар, жарыстан кейінгі сағынышқа толы кездесулер, достық қатынас үлкен махаббатқа ұласты. 1964 жылы үйлену тоймен жалғасып, отбасында үш қыз, екі ұл дүниеге келді.

Еңбек жолын 1962 жылы Қызылорда педагогикалық институтында бокс жаттықтырушысы болып жалғастырған. 1963 жылы облыстық «Қайрат» спорт қоғамын басқарып, қала жастарының спортпен айналысуын жолға қойды. 1964 жылы Тереңөзек спорт қоғамының председателі қызметіне ауысты. Аудандық спорт қоғамы жұмысын жандандырды. Екі қыздың әкесі атанған Алыбайға – отбасылық өмірі ауданнан қалаға ауысуды қажет етті. Сөйтіп, 1966 жылы Тасбөгет кентіндегі спорт мектебінің директоры қызметіне ауысты. Басшылықпен қатар спорт мектебінде жаттықтырушы болып қызмет атқарды.

Болат Омаралиев – фототілші, еліміздің құрметті журналисі, суреттерге жан берген кәсіби фотограф. «Адырна» ұлттық порталына берген бір сұхбат барысында:

– Бір кездері повесть жазғаныңыздан хабардармыз. Бокстан спорт шеберісіз, талантты фотографсыз. Сіз секілді жан-жақты тұлға болу үшін не істеу керек? – деген сұраққа:

– Рас, оқыған кітаптарыма еліктеп, повесть жаздым. Десе де ол көркем шығармадан алыстау болды. Боксқа қатыстым, бірақ спорт шебері болмадым. Ал мені боксқа баулыған жаттықтырушым Алыбай Орғараев бокстан тұңғыш спорт шеберлерінің бірі еді. «Қалай жан-жақты болуға болады?» деген сұраққа жауап беру қиын екен. Тынымсыз енбек керек шығар, – деп жауап берген екен.

1972-1980 жылдар аралығында денсаулығына байланысты № 58 СІПУ, № 113 СІПУ, № 128 СІПУ, № 152 ПІПУ-да дене тәрбиесі пәні мұғалімі болып жұмыс жасаған. Кәсіптік және техникалық саласы жастарын спортқа қызығушылығын оята білген жақсы ұстаз, мықты жаттықтырушы болған.

1980 жылы Кәсіптік және техникалық білім саласы облыстық басқармасына қарасты «Еңбек резервтері қоғамы» мекемесінде басшылық қызмет атқарды.

Бокс – арнайы жұмсақ қолғаппен белгілі бір ереже бойынша жекпе-жек күш сынасатын спорт түрі. Жекпе-жекке шыққан екі ойыншы қарсыласының денесінің белгілі бір жеріне дәл соққы беруді көздейді. Осы спорттан алған соққылар әсері жылдар өткенде бастың және аяқтың ауырсынуына әкелді. 1982 жылы бастың зақымдануынан денсаулық жарамсыздығынан мүгедектік зейнеткерлігіне шығуға тура келді. 1995 жылы ұзаққа созылған наукастан елу бес жасында өмірден озды.

Өкінбе, әке, отың бар сенбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,
Тірі тұрса қолынан бермейтұғын.

Өмірі өнегелі әкемізді сағына еске отырып, Жиренше шешеннің «Әкесі өлген – асқар тауы құлағанмен бірдей» дегенді мойындаймыз. Әкеміздің орнын жоқтатпай, бүгінгі күнге жеткізген анамызға күш-қуатпен денсаулық тілей отырып, шүкіршілік етеміз.

Майра ОРҒАРАЕВА,

Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі өндірістік оқыту шебері

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – білім мен ғылымның ұлы көшбасшысы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Қазақстанның ғылыми-зерттеу және білім беру кеңістігінде терең тарихы мен нақты жетістіктері бар жетекші оқу орны.

1934 жылы құрылған бұл университет Қазақстанда алғашқылардың бірі болып, көпсалалы жоғары білім беруді жолға қойды. 2001 жылы ҚазҰУ-ға Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «ұлттық университет» мәртебесі берілді. Қазіргі таңда университет Алматы қаласындағы 100 гектар аумақты алып жатқан заманауи кампусында орналасқан.

ҚазҰУ – Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының ауқымды орталығы. Университет 8,1 миллиард теңге көлемінде қаржыландырылып жатқан 400-ден астам ғылыми жобаны жүзеге асырып отыр. Атап айтқанда, университет ғалымдары Астана мен Алматы қалаларындағы ауа сапасын жақсарту бағытында ауқымды зерттеу бағдарламаларын әзірлеуде. Сонымен қатар Батыс Қазақстанның экологиялық және экономикалық дамуына арналған жобаға 4 миллиард теңгеден астам көлемде мегагрант жеңіп алған.

Халықаралық аренада да ҚазҰУ жетістіктерімен танылып отыр. 2024 жылы университет «QS World University Rankings» жүйесінде

230-орынды иеленіп, Орталық Азия университеттері ішінде көш бастап келеді. Сонымен қатар



2023 жылы QS «Asia University Rankings» рейтингінде ҚазҰУ Азия университеттері арасында 29-орынға ие болды.

Уақыт өткен сайын бұл ордадан елдің дамуына өз үлесін қосқан көрнекті тұлелер қанат қақты. Бүгінде ҚазҰУ түлектері қатарында Қазақстан Республикасының қазіргі Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, көрнекті ақын әрі дипломат Олжас Сүлейменов, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов, философ-ғалым

Ғарифолла Есім, белгілі мемлекет қайраткері Ерлан Қарин және басқа да отандық ғылым мен мәдениеттің



көрнекті өкілдері бар. Бұл есімдер университеттің ел болашағына берген нақты үлесінің айғағы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлт-тық университеті – тек білімнің ғана емес, болашақтың жолын нұрландыратын шамшырақ.

Балауса ҚУАНЫШОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қаржы мамандығының студенті,
А.Д.КУКИЕВ,
«Қаржы және есеп» кафедрасының аға оқытушысы

Қоғам дамуының сан қырлы соқпағында нәзік те, салмақты бір тақырып бар – ол гендерлік теңдік. Бұл – тек әйел мен еркектің құқықтық теңдігі ғана емес, бұл – өзара түсіністік пен сыйластықтың, адамгершілік пен әділеттің өлшемі.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ


Қазақ даласында ананың орны әрқашан ерекше болған. «Ана – өмірдің бастауы» деп ұғынған халық, әйелге құрмет көрсетуді өзіне міндет санаған. Алайда қазіргі жаһандану дәуірінде бұл ұғымдар жана мәнге ие болып келеді. Қазіргі қыз – болашақ көшбасшы, бүгінгі ұл – ертеңгі азамат. Сол себепті де олардың екеуіне тең мүмкіндік беру – уақыт талабы.

Гендерлік теңдік – тек әйелдердің құқығын қорғау ғана емес. Бұл – әрбір адамның өз қабілеті мен еңбегіне қарай бағалануы, жынысына емес, білімі мен біліктілігіне қарап жол ашылуы. Қоғамда ер мен әйел бір-бірін толықтырып, бірдей дәрежеде дамуға үлес қосқанда ғана үйлесім болады.

Мектепте – тең білім, университетте – тең мүмкіндік, жұмыс орнында – тең еңбек пен жалақы. Бұл – жай сөздер емес, бұл – өркениетті елге тән құндылықтар. Жастар бұл ұстанымды ерте бастан бойына сіңіріп, болашақ қоғамның негізін әділетке сүйене отырып қалайды.

Бүгінгі жас – ертеңгі шешім қабылдаушы тұлға. Ол қандай құндылықтарды

ұстанса, ертеңгі қоғам да сол бағытта дамиды. Ендеше, жыныстық теңдік тек саясаттың емес, мәдениеттің, білімнің, отбасылық тәрбиенің де өзегі болуы керек.



Өзгеге үлгі болар ел боламыз десек, алдымен бір-бірімізді тыңдауды, түсінуді және құрметтеуді үйренуіміз қажет. Теңдік – бәсеке емес, келісім. Теңдік – жарыс емес, жарасым. Гендерлік теңдік – кемел болашақтың кепілі.

Адина ҰЗАҚБАЙ,
Қызылорда қаласы

ЕСТЕ ҚАЛҒАН ЖЫЛДАР

Қызылордадағы «Тағзым» алаңы – өткен тарихымыздағы қанқұйлы соғыстарға, төтенше оқиғалар мен алапат апаттардың зардабын жоюға қатысқан жауынгерлер рухына бас нетіп орын. Мәңгілік алау мемориалы 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесі қарсаңында гүл шоқтарына толып кетеді.

Осы мемориалдың артында мрамормен қапталған үлкен қабырға бар. Сол қабырғада «Ер есімі – ел есінде» деген жазу ерекше көзге түседі, оның әріптері алтын түстес түске боялған.

Бұл жазудың сол мрамор қабырғада қалай және қашан пайда болғандығы туралы әңгімелеп берейін.

1995 жыл еді. Мен ол кезде Қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінде жұмыс істеп жүрдім. Наурыз айының басында қала әкімшілігінде Ұлы жеңістің 50 жылдығына орай жиын өтті. Жйында сол кездегі қала басшысы Ж.Шарипов Ұлы жеңістің мерейтойына байланысты, орталық тағзым алаңын қайта жаңғырту мен кеңейту туралы шешім шығарылғанын, оған қаражат бөлініп, сол жұмыстарды жүргізуге көптеген құрылыс компаниясы қатысатынын, ал жалпы жұмыстарды ұйымдастыру мен сапасын қадағалау қалалық коммуналдық шаруашылық бөліміне жүктелетінін атап өтті. Коммуналдық шаруашылық бөлімі бастығының бұйрығымен осы жұмыстарға тікелей жауапты болып мен бекітілдім.

Сонымен қызу жұмыс басталып кетті. 9 мамыр мерекесіне дейін осы жұмыстың барлығын аяқтау керек. Әрине, ол кезде бюджет қаражаты тапшы, десе де құрылыс компаниялар осы қасиетті мереке үшін қолдан келген бар мүмкіндігін аямай жұмыс істеді. Алпанның барлық күнінде жұмыс тоқтамады. Кейбір жұмыстар қас қарайғанша жалғаса берді. Жоба бойынша бұрынғы Мәңгілік алау стелласы мен Ленин атындағы скверді қосып, аумағын кеңейтіп, асфалт төсеп, жаңадан «Тағзым» алаңы деген атау берілуі көзделген болатын. Соның ішінде скверде тұрған Ленин ескерткішін алып тастап, оның орнына Ауған соғысына қатысқан жауынгерлерге арналған естелік такта қою шарасы да қаралған.

Ескерткішті демонтаж жасауды, самосвал машинаға тиеп, Облыстық Музей ауласына апарып тастауды бұйырды. Содан біз Ленинді «қарауылдаушылар» түскі тамаққа кеткен сәтін пайдаланып, тез арада ескерткіштің мойнына трол салдық та оны автокранмен ұстап тұрып, тұғырынан сваркамен ажыраттық. Сөйтіп самосвал көлігіне тиіп, алып кеттік. Осы жұмыстың барлығын тез бітіргеніміз сондай, Ленин атамыздың «сақшылары» біздің келіп-кеткенімізді тіпті білмей де қалды. Жарықтық, таза қоладан құйылған, Лениннің әжептәуір салмағы бар екен. 3-4 тоннадай бар ау деп топшыладым. Мүсінді тиіп болған соң, апар деген межелі жерге тыныш апарып тастадық.

Енді «Мәңгілік» алаудың артындағы мрамормен қапталған қабырғаға қандай сөз жазылу керек, соны күттік. Ол да талқыға салынған болу керек. Ақырғы шешімді күтіп жүргенде менің қолыма қалалық әкімдіктің бір шешімі шыққан қағаз түсті. Ол қағазда сол кездегі қала басшысы Жарылқасын Шариповтың өз қолымен жазған сөздері көзіме түсті.


«Ер есімі – ел есінде» деген сөздерді сиямен әдемі әріптермен жазып, оның астына қала басшысы өз қолын қойыпты. Сол бір парақ қағазды мен естелік ретінде сақтадым. Кейін сол сөздер дайындалып, қабырғаға ілінді.

Сонымен Жеңіс күні мерекесіне орай Тағзым алаңы толықтай жаңаланып, 9 мамыр мерекесі қарсаңында ашылды. 50 жылдық Жеңіс мерекесіне жиналған көпшілік, қала тұрғындары, соғыс ардагерлері алаңның жаңа келбетіне риза болып, ризашылық сезімдерін жеткізді.

Осы Тағзым алаңының осындай болып өзгеріп, жаңаруына менің де үлес қосқанымды әр 9 мамыр мерекесі сайын қуанышпен еске аламын.

Жеңіс күні мерекесі бәріңізге құтты болсын!

Ералы ЕСІМОВ,
Астана қаласы



«TikTok»-қа тыйым керек пе?

Жуырда Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан «TikTok»-тың жастарға кері әсерін атап, оны шектеуді ұсынды. Ол соңғы екі жылда Қазақстанда 14,1 миллион адам TikTok-қа тіркелгенін айтты. Бұл мәселе қоғамда қызу пікірталас туғырып отыр.

«TikTok» – жастар арасында ең танымал әлеуметтік желілердің бірі. Ол адамдарға өз шығармашылығын көрсетуге, пайдалы ақпарат таратуға және табыс табуға мүмкіндік береді.

Мысалы, 14 жастағы Айкүміс Серікқызы бұл платформаны саналы қолданатынын айтады.

– Мен TikTok-ты тек көңіл көтеру үшін ғана емес, пайдалы лайфхактар үйрену үшін де қолданамын. Онда оқу, уақытты тиімді пайдалану, тіпті тіл үйрену туралы да керемет видеолар бар. Әрине қажетсіз контент те кездеседі, бірақ оны көрмеуге болады. TikTok-ты жапқанша, адамдарға оны дұрыс қолдануды үйреткен дұрыс деп ойлаймын, – деді ол.

Дегенмен оның теріс тұстары да жоқ емес. Мысалы киберқауіпсіздік, психологиялық мәселе мен құндылықтар тақырыбы «майшаммен» қаралуы керек.

Дүниежүзінде TikTok-қа қатысты әртүрлі шаралар қолға алынуда. АҚШ пен Еуропа елдерінде мемлекеттік қызметкерлерге «TikTok» қолдануға тыйым салынса, Үндістан оны мүлдем бұғаттап тастады. Қазақстанда мұндай шектеу тиімді бола ма? Егер TikTok жабылса, жастар басқа платформаларға ауысып кетпей ме? Бұл да бір сауал.

«Жастар TikTok-та көп уақыт өткізіп, виртуалды әлемге тәуелді болып барады. Бұл олардың назарын шоғырландыру қабілетін төмендетіп, шынайы өмірдегі қарым-қатынасты әлсіретуі мүмкін» деп пікір білдірді психолог Самал Бейсен.

Ата-аналар да алаңдаулы. – Менің балам TikTok-тан түрлі трендтерді көріп, соған еліктейді. Кейбір видеолар шынымен де пайдалы, тіпті зиян болуы мүмкін. Ойы тек сол видеолар жүреді. Ерте ұйықтауды, режимді ұмытты. Бірақ біздің де кінәміз бар. Себебі ата-аналар балаларын бақылап, оларға ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсіндіріп отыруы керек, – деді 46 жастағы тұрғын Айгүл Мендібай.


Өткен жылы да депутат Ерлан Саиров балалар «TikTok» арқылы тәрбиеленіп жатқанын айтып, алаңдаушылық білдірген еді.

«Түрлі ойындарды жарнамалау, онлайн казино, стримдер арқылы әдепсіз әрекеттер көрсету, тіпті суицидке шақыру, былапыт сөздер мен бейәдеп көріністерге толы рилс-тар да осы TikTok арқылы таралып жатыр. Оларды балалар тек қарап қана қоймай, зорлық-зомбылықтың құрбаны болып, ойынқұмарлық дертіне ұшырауда. Хайп қуып, пранк деген желеумен аруаттан аттау әдетке айналды» дейді депутат.

Әлеуметтік желілерді реттеу қазір әлемдегі өзекті мәселеге айналды. Қазақстанда «TikTok»-қа шектеу қойыла ма, жоқ па – бұл уақыт еншісінде. Бастысы жастардың интернетті саналы түрде пайдалануын қалыптастыру.

Динара РОЛАНҚЫЗЫ

Сұлулық – әйелге ғана тән ұғым емес. Қазіргі қоғамда ер адамдар да бұл салада өз орнын тауып, жаңаша бағытта көзге түсіп жүр. Шаш қию, бет әрлеу, сән әлеміндегі стиль қалыптастыру – мұның бәрінде ерлердің кәсібилігі мен шеберлігі күн өткен сайын жоғары бағаланып келеді. Десе де сұлулық индустриясының кейбір тармақтары әлі күнге дейін нәзік жандарға ғана тән кәсіп саналып, қалыптасқан көзқарастан аса алмай келеді. Осындай таптаурынға батыл қарсы шығып, өз таңдауынан тайынбаған азаматтардың бірі – Бекзат Ақбергеннов. Тараздық жас лашмейкермен әңгіме-дүкен құрудың сәті түсті.



– Қоғамда ер адам мен әйел адамның кәсіби жолы шеңберленіп, белгілі бір салаларға ғана телініп жүрген заманда, сіздің кірпік жабыстыру сынды нәзіктік пен дәлдікті талап ететін кәсіпті таңдауыңыз – батыл қадам екені сөзсіз. Осы шешімге не түрткі болды?

– Кірпік жабыстыру – тек сұлулыққа емес, адамның ішкі сенімділігіне де әсер ететін жауапты кәсіп. Бұл жолға етесуіме бала күнімнен бойымда қалыптасқан өнерге, әсемдікке деген қызығушылығым себеп болды. Кірпіктің бір ғана өзгерісі адамның жүзіне, болмысына, тіпті көңіл-күйіне ерекше әсер ететініне көзім жетті. Сол себепті бұл саланы табыс көзі ретінде емес, жүрек қалауы ретінде таңдадым. Алғашқы кезде «бұл – әйел адамның кәсібі» деген пікірлерді көп естідім. Алайда бұл – шығармашылығымды,

ТАҢДАУЫ ТАБЫСЫНА АЙНАЛҒАН

дәлдігімді, сабырымды танытатын сала. Тұтынушылардың жүзіндегі ризашылық күлкісі мен үшін шабыт көзі. Бүгінде бұл істі кәсіп емес, өнер деп білемін.

– Кәсіби тұрғыдан жетістікке жету үшін тек техникалық шеберлік қана емес, сонымен бірге эстетикалық түйсік арқылы адамдармен жылы байланыс орната білу қажет. Сіз тұтынушылар санын арттыру үшін қандай әдіс-тәсілдер қолдандыңыз?

– Алғашында мен үшін ең маңыздысы – сенім мен тәжірибе жинақтау болды. Қызметімді төмен бағамен ұсыну арқылы алғашқы тұтынушыларды тарттым.

Арнайы жеңілдіктер мен акциялар ұйымдастырып, тұтынушылардың қызығушылығын оята білдім. Әр адамның қалауына ерекше көңіл бөлу – менің басты ұстанымым. Олардың пікірін тыңдап, ұсыныстарын ескеріп, қызметімді жетілдіруге тырыстым. Әлеуметтік желі арқылы жұмыс нәтижелерін, клиенттердің пікірлерін бөлісіп, ашықтық таныту да сенімді арттыра түсті. Осының бәрі маған тұрақты клиенттік база қалыптастыруға және кәсіби биіктікке жетуге сеп болды.

– Бұл сала бойынша шәкірт даярлаумен айналысасыз ба?

– Кірпік жабыстыру – менің кәсіби әлемімнің бір қыры ғана. Одан бөлек, мен қас бояу, коррекция, ламинация сынды қызметтерді де меңгеріп, сұлулықтың түрлі қырларын ашуға ұмтыламын. Сонымен қатар тері күтімімен де айналысып, косметология саласында білімімді жетілдірдім. Табиғи әдістермен

теріні жасарту мен сауықтыру жолдарын меңгеріп келемін. Қазір өз тәжірибеммен бөлісу үшін оқыту курстарын өткізіп жүрмін. Болашақта жеке салонымды ашып, кәсіби мамандарды тәрбиелеп, сұлулық индустриясына үлес қосу – арманым әрі мақсатым.

– Бұл сала оңай емес екені көпке мәлім. Тек физикалық емес, моральды тұрғыда да шаршатуы мүмкін. Жеке тұлға ретінде қалыптасу барысында қандай қорқыныштар болды?

– Бұл жол оңай болған жоқ. Алғашқы жұмыс орнымда ұжыммен түсініспеушіліктер болды, құрал-жабдықтарым жоғалып, сенімге селкеу түсті. Кейінгі салонымда клиент аз болып, табыс тұрақсыз болды. Дегенмен мұның бәрін кәсіби өсуім үшін мүмкіндік ретінде қабылдадым. Жеке жұмыс орнымды ашу – мен үшін үлкен тәуекел еді, бірақ сол шешім мені жаңа деңгейге шығарды. Қиындықтармен күресе отырып, өзіме деген сенімді нығайттым. Бүгінде кәсібіммен мақтанамын, болашаққа нық сеніммен қараймын.

– Сұранысқа ие, табысты шебер ретінде болашақтағы жоспарларыңызбен бөліссеніз. Сұлулықты серік етіп, осы индустрияда қызметіңізді жалғастырарсыз ба, әлде өзге бағыттарда да бағыңызды сынап көргіңіз келе ме?

– Сұлулық саласы – менің жан дүниемнің айнасы. Алайда бұл менің шегім емес, оны әріқарай да дамытуға болады. Келесі мақсатым – ботокс бағыты бойынша білім алу. Клиенттерге кең ауқымды қызмет ұсыну – басты ниетім. Болашақта өз атыммен бірнеше сұлулық салонын ашып, оқыту орталықтарын дамыту – үлкен жоспарымның бір бөлігі. Мақсатым – жоғары сапалы қызмет көрсету ғана емес, кәсіби мамандардың жаңа буынын тәрбиелеу.

– Әңгімеңізге рақмет!

Қорлан САРЫ



Бен Джонсон: Бір сәттік даңқтың құны

1988 жылы Сеул Олимпиадасында канадалық желаяқ Бен Джонсон 100 метрге жүгіруден әлем рекордын орнатты. Алайда қуанышы ұзаққа созылмады. Қан сараптамасы оның станозолол атты тыйым салынған препарат қолданғанын көрсетті. Нәтижесінде алтын медалінен айрылып, мансабы күрт аяқталды. Бұл оқиға спорттағы допинг мәселесін әлемдік деңгейде алғаш рет кеңінен талқылауға түрткі болды.

Лэнс Армстронг: Аңыздың құлдырауы

1999 жылдан 2005 жылға дейін «Тур де Франс» көпкүндік веложарысының жеті дүркін чемпионы атанған Лэнс Армстронг ұзақ уақыт бойы допинг қолданды деген айыптауларды жоққа шығарып келді. Алайда 2012 жылы ресми тергеу нәтижелері оның ЭПО мен қан құю әдістерін жүйелі пайдаланғанын дәлелдеді. Армстронг барлық атағынан айырылды және өмір бойына жарыстардан шеттетілді. Бұл оқиға спорттың коммерциялануы мен бедел үшін жасалатын айлалардың бетін ашты.




Марион Джонс: Бес медальдың өтеуі

2000 жылғы Сидней Олимпиадасының жұлдызы Марион Джонс бес медаль жеңіп алып, бүкіл әлемнің сүйіспеншілігіне бөленген еді. Бірақ жеті жылдан кейін ол допинг қолданғанын мойындап, медальдарын қайтаруға мәжбүр болды. Джонс түрме жазасына кесіліп, қоғам алдындағы беделінің түбегейлі күйреуі допингтің моральдық зардабын нақты көрсетті.

Кениялық желаяқтар: Африканың марафон даңқына дақ түсуі

Кениялық спортшылар әлемнің ең мықты марафоншылары ретінде танымал. Алайда кейінгі жылдары допинг даулары Африканың да таза спорттағы абыройына сызат түсірді. Әсіресе 2017 жылы Олимпиада чемпионы Джемима Самгонгтің ЭПО қолданғаны анықталып, төрт жылға шеттетілгені бүкіл әлемді таңғалдырды. Бұл оқиға жеңіл атлетикада таза спортты сақтау қаншалықты қиын екенін көрсетті.

Жеңісті қолдан жасаудың құны тым қымбат. Мұндай әрекет спортшының мансабымен бірге,



тұтас спорт саласына, жанкүйерлер сенімі мен ұлт абыройына қайтарылмас зиян әкеледі. Бүгінде халықаралық ұйымдар допингпен күресті жүйелі түрде күшейтуде. Алайда нағыз жеңіс айламен емес, маңдай тер мен адал еңбектің арқасында келетінін әр спортшы санасына сіңіру қажет. Тек осы ұстаным ғана спортты өзінің ең асыл мұраттарына қайта жакындата алады.

Динара ЖҰМАДІЛ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

